

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ СТАТИСТИКА АГЕНТТІГІ

«Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (ерекше бөлігі)» сәйкес бұл материал көбейтуге (көшіруге) жатпайды, статистикалық ақпараттарды өз жарияланымдарында (басылымдарында) пайдаланған жағдайда Қазақстан Республикасы Статистика агенттігіне сілтеме жасау міндетті.

В соответствии с «Гражданским кодексом Республики Казахстан (особенная часть)» данный материал не подлежит размножению (копированию), при использовании статистической информации в своих публикациях (изданиях) обязательна ссылка на Агентство Республики Казахстан по статистике.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫ

СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

2008 жылғы қаңтар-сәуір
январь-апрель 2008 года

Астана, 2008

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫ**

**Ай сайынғы ақпараттық-талдамалы
журнал**

1991 жылдан бастап шығады

Құрылтайшы: Қазақстан Республикасы
Статистика агенттігі

Бас редактор – А. Мешімбаева

**СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

**Ежемесячный информационно-аналитический
журнал**

Издается с 1991 года

Учредитель: Агентство Республики Казахстан по
статистике

Главный редактор – А. Мешимбаева

«Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуында» 2008 жылғы қаңтар-сәуірдегі ел экономикасының дамуы туралы жедел статистикалық деректер бар.

«Қазақстан Республикасы және оның өңірлерінің әлеуметтік-экономикалық дамуының статистикалық көрсеткіштері» қосымшасында тиісті бөлімдер бойынша кестелік материал келтірілген.

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің «Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуы (жедел деректер)» ай сайынғы журналын электрондық түрде де ұсыну мүмкіндігі бар.

Мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, 010000
Астана қаласы, Сол жағалау, Министрліктер Үйі,
35 көше, 2 үй
Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі
Телефон: 8 (7172) 74-92-95
Факс: 8 (7172) 74-95-46
Электрондық мекен-жай: stat@mail.online.kz
Веб-сайт: http://www.stat.kz

Шартты белгілер:

-- құбылыс жоқ
0,0 – болмашы шама
... – деректер жоқ

Таралымы: 250 дана
Көлемі = 12,82 ЕБТ

Журнал Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде 2002 жылғы 14 тамызда тіркелген №3156-Ж

«Социально-экономическое развитие Республики Казахстан» содержит оперативные статистические данные о развитии экономики страны в январе-апреле 2008г.

В приложении «Статистические показатели социально-экономического развития Республики Казахстан и ее регионов» приведен табличный материал по соответствующим разделам.

Агентство Республики Казахстан по статистике имеет возможность предоставлять ежемесячный журнал «Социально-экономическое развитие Республики Казахстан (оперативные данные)» также в электронном виде.

Адрес: Республика Казахстан, 010000
г. Астана, Левый берег, Дом Министерств,
35 улица, д. 2
Агентство Республики Казахстан по статистике
Телефон: 8 (7172) 74-92-95
Факс: 8 (7172) 74-95-46
Электронный адрес: stat@mail.online.kz
Веб-сайт: http://www.stat.kz

Условные обозначения:

-- явление отсутствует
0,0 – незначительная величина
... – данные отсутствуют

Тираж: 250 экз.
Объем = 12,82 УПЛ

Журнал зарегистрирован в Министерстве культуры, информации и общественного согласия Республики Казахстан 14 августа 2002г. №3156-Ж

Мазмұны

1.	Қазақстан Республикасының 2008 жылғы қаңтар-сәуірдегі әлеуметтік-экономикалық дамуының қысқаша қорытындылары	5
2.	Тауарлар мен қызметтер өндірісі	7
2.1	Жалпы ішкі өнім	7
2.2	Өнеркәсіп өндірісі	9
2.3	Ауыл шаруашылығы	13
2.4	Құрылыс.....	15
2.5	Көлік 18	
2.6	Байланыс.....	19
2.7	Сауда және өзге де қызметтер	21
3.	Шағын кәсіпкерлік субъектілері мониторингі	23
4.	Сыртқы сауда	26
4.1	Сыртқы сауда айналымы	26
4.2	ТМД мемлекеттерімен сыртқы сауда	27
4.3	Әлемнің басқа елдерімен сыртқы сауда	27
5.	Тауар рыногы	28
6.	ИНВЕСТИЦИЯЛАР	31
	Негізгі капиталға салынған инвестициялар	31
7.	Бағалар	34
7.1	Тұтыну бағалары.....	34
7.2	Экономиканың нақты секторындағы баға	35
8.	Қаржы жүйесі	39
8.1	Мемлекеттік қаржы	39
8.2	Ақша-кредит жүйесі	41
9.	Еңбек рыногы және еңбекақы төлеу	43
9.1	Жалданып жұмыспен қамтылу	43
9.2	Жұмыссыздық және жұмыспен қамту	44
9.3	Еңбекақы төлеу.....	45
10.	Халық табысы	46
11.	Демографиялық процестер және әлеуметтік сала	47
11.1	ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ АХУАЛ	47
11.2	Халықтың ауру-сырқаулығы	48
11.3	Қылмыстылық	49
12.	Қазақстан Республикасы өңірлерінің әлеуметтік-экономикалық жағдайы: салыстырмалы талдау	51
13.	Конъюнктуралық зерттеулер	54
13.1	Өнеркәсіп кәсіпорындарының іскерлік белсенділігін зерттеу	54
13.2	Сауда кәсіпорындарының іскерлік белсенділігін зерттеу	54
13.3	Тұтынушыларды зерттеу	55
14.	ТМД елдерінің әлеуметтік-экономикалық жағдайы	57

Содержание

1.	Краткие итоги социально-экономического развития Республики Казахстан в январе-апреле 2008 года	61
2.	Производство товаров и услуг	63
2.1	Валовой внутренний продукт	63
2.2	Промышленное производство	65
2.3	Сельское хозяйство	69
2.4	Строительство	71
2.5	Транспорт	74
2.6	Связь75	74
2.7	Торговля и прочие услуги	77
3.	Мониторинг субъектов малого предпринимательства.....	79
4.	Внешняя торговля.....	82
4.1	Внешнеторговый оборот	82
4.2	Внешняя торговля с государствами СНГ	83
4.3	Внешняя торговля с другими странами мира.....	83
5.	Товарные рынки	84
6.	ИНВЕСТИЦИИ	87
	ИНВЕСТИЦИИ В ОСНОВНОЙ КАПИТАЛ	87
7.	Цены	90
7.1	Потребительские цены	90
7.2	Цены в реальном секторе экономики	91
8.	Финансовая система.....	95
8.1	Государственные финансы	95
8.2	Денежно-кредитная система.....	96
9.	Рынок труда и оплата труда.....	99
9.1	Занятость по найму	99
9.2	Безработица и обеспечение занятости.....	100
9.3	Оплата труда.....	101
10.	Доходы населения	102
11.	Демографические процессы и социальная сфера	103
11.1	Демографическая ситуация.....	103
11.2	Заболеваемость населения.....	104
11.3	Преступность	105
12.	Социально-экономическое положение регионов Республики Казахстан: сравнительный анализ.....	107
13.	Конъюнктурные обследования	110
13.1	Обследование деловой активности промышленных предприятий	110
13.2	Обследование деловой активности предприятий торговли	110
13.3	Обследование потребителей.....	111
14.	Социально-экономическое положение стран СНГ	113

1. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ 2008 ЖЫЛҒЫ ҚАҢТАР-СӘУІРДЕГІ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫНЫҢ ҚЫСҚАША ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

Макроэкономикалық үрдістер. Жалпы ішкі өнімнің көлемі, жедел деректер бойынша, 2008 жылғы қаңтар-наурызда ағымдағы бағаларда 3144,0 млрд. теңгені құрады. Нақты ЖІӨ-нің өсуі 2007 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда 106,0% құрады. ЖІӨ-нің құрылымында тауарлар өндірісінің үлесі ЖІӨ-ден 42,3%, қызмет көрсету – 57,5% болды.

2008 жылғы сәуірде тұтыну бағаларының индексі 2007 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда 103,4% құрады. Азық-түлік тауарларының бағалары 4,7%, азық-түлік емес тауарлар – 2,4%, ақылы қызмет – 2,4% өсті. Өнеркәсіп өнімін өндіруші кәсіпорындардың бағалары 2008 жылғы сәуірде 2007 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда 11,1% өсті.

Жұмыссыздар саны 2008 жылғы сәуірде, сараптамалық бағалау бойынша, 570,2 мың адамды, жұмыссыздық деңгейі экономикалық тұрғыдан белсенді халыққа шаққанда – 6,8% құрады, соның ішінде жұмыссыздар ретінде жұмыспен қамту органдарында тіркелген адамдардың саны ағымдағы жылғы сәуірдің соңында 69,4 мың адамды құрап, олардың экономикалық тұрғыдан белсенді халық санындағы үлесі 0,8% болды.

Экономиканың нақты секторы. 2008 жылғы қаңтар-сәуірде өнеркәсіп өндірісінің көлемі қолданыстағы бағамен 3271,6 млрд. теңгені құрады, бұл 2007 жылғы қаңтар-сәуірдегіден 3,5% көп. 2007 жылғы осы кезеңмен салыстырғанда кен өндіру өнеркәсібінде өндіріс көлемі 6,3%, электр энергиясын, газ бен су өндіруде және бөлуде – 7,9%-ға өсті, өңдеу өнеркәсібінде 0,9% азайды.

2008 жылғы қаңтар-сәуірде ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің көлемі ағымдағы бағамен 158,5 млрд. теңгені құрап, 2007 жылғы қаңтар-сәуірмен салыстырғанда 3,9% өсті.

2008 жылғы қаңтар-сәуірде жүк тасымалдаудың жалпы көлемі (коммерциялық тасымалдаумен шұғылданатын көліктік емес ұйымдар мен кәсіпкерлер тасымалдаған жүк көлемінің бағасын есепке алғанда) 604,2 млн. тоннаны құрап, 2007 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда 2,5% өсті.

Есепті кезеңде бөлшек сауда тауар айналымының көлемі (қоғамдық тамақтандыру айналымынсыз) 685,9 млрд. теңгені құрап, 2008 жылғы қаңтар-сәуірмен салыстырғанда 1,5% артты.

2008 жылғы қаңтар-сәуірде негізгі капиталға жұмсалған инвестициялардың көлемі 851,3 млрд. теңгені құрады, бұл 2007 жылғы қаңтар-сәуірдегіден 14,0% көп.

2008 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша республикада 274437 заңды тұлғалар тіркелген, соның ішінде қызметкерлерінің саны 50 адамға дейінгілер – 259297. Жұмыс істеп тұрған заңды тұлғалар – 186228. Жұмыс істеп тұрған заңды тұлғалардың ішінде шағын кәсіпорындар – 172115 құрайды, олардан шағын бизнес субъектілері – 125922.

Сыртқы сауда. 2008 жылғы қаңтар-наурызда Қазақстанның сыртқы сауда айналымы (Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитетінің деректері, ұйымдаспаған сауданы есепке алмағанда) 22875,1 млн. АҚШ долларын құрап, 2007 жылғы қаңтар-наурызбен салыстырғанда 38,4% өсті, соның ішінде экспорт – 15780,5 млн. АҚШ доллары (57,0% өсті), импорт – 7094,6 млн. АҚШ доллары (9,6% өсті) болды.

Қаржы. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің жедел деректері бойынша Қазақстан Республикасының Мемлекеттік бюджетіне түскен табыстар көлемі 2008 жылғы 1 сәуірге 745,5 млрд. теңгені құрады, бұл 2007 жылғы 1 сәуірдегіден 26,3% көп, ал шығын – 663,0 млрд. теңгені (21,9%) құрады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің деректері бойынша екінші деңгейдегі банктердің экономика салаларына салған кредиттік салымдары 2008 жылғы наурыз соңына 7255,8 млрд. теңгені құрады. Олардың өсуінің тұрақты серпіні байқалады. Кредиттік салымдардың жалпы көлемінде ұзақ мерзімді кредиттердің үлесі 80,8%, шетел валютасындағы кредиттердің үлесі 42,5% құрады. 2008 жылғы наурыз соңына банк жүйесіндегі депозиттер көлемі 4118,8 млрд. теңгені құрады, бұл 2007 жылғы тиісті кезеңнен 25,4% көп, соның ішінде халық депозиттері (салымдары) 1479,8 млрд. теңге болды, бұл 2007 жылғы 1 сәуірдегіден 26,7% көп.

Халықтың табысы. 2008 жылғы наурызда, бағалау бойынша, халықтың орта есеппен жан басына шаққандағы атаулы ақшалай табысы 29409 теңге құрап, 2007 жылғы наурызбен салыстырғанда – 21,7% өсті, нақты ақшалай табысы – 2,5% артты.

2008 жылғы наурызда қызметкерлерге есептелген орташа айлық атаулы жалақы 58599 теңгені құрап, 2007 жылғы наурызбен салыстырғанда 15,1% өсті. Нақты жалақы 3,0% төмендеді.

Негізгі әлеуметтік-экономикалық индикаторлар

	Өлшем бірлігі	2008 жылғы қаңтар-сәуір	2008 жылғы сәуір	Өткен жылдың тиісті кезеңіне %-бен		2008 жылғы сәуір 2008 жылғы наурызға %-бен
				2008 жылғы қаңтар-сәуір	2008 жылғы сәуір	
A	Б	1	2	3	4	5
Экономикалық көрсеткіштер						
Қысқа мерзімді экономикалық индикатор ¹⁾	%-бен			104,0	99,1	
Жалпы ішкі өнім ²⁾	млрд. теңге	3144,0		106,0		
Өнеркәсіп өнімінің (тауарлардың, қызметтердің) көлемі	млрд. теңге	3271,6	909,9	103,5	102,8	97,0
Ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің көлемі	млрд. теңге	158,5	46,0	103,9	104,3	102,7
Құрылыс жұмыстарының көлемі	млрд. теңге	291,5	117,1	107,9	106,7	143,0
Негізгі капиталға жұмсалған инвестициялар	млрд. теңге	851,3	231,5	114,0	108,6	94,8
Көліктің барлық түрлерімен жүк тасымалдау	млн. тонна	604,2	166,3	102,5	102,2	112,0
Байланыс қызметтерінің көлемі	млрд. теңге	129,4	33,1	128,1	126,1	104,3
Өткізудің барлық арналары бойынша бөлшек сауда тауар айналымы	млрд. теңге	685,9	184,5	101,5	94,5	105,4
Сыртқы сауда айналымы ²⁾³⁾ соның ішінде:	млн. АҚШ доллары	22875,1	7983,0	138,4	132,6	107,7
экспорт		15780,5	5490,7	157,0	148,5	107,5
импорт		7094,6	2492,3	109,6	107,4	108,4
Тұтыну бағаларының индексі				118,8	103,4 ⁴⁾	100,9
Өнеркәсіп өнімін өндірушілер бағаларының индексі				140,7	111,1 ⁴⁾	104,5
Жұмыссыздар саны (бағалау)	мың адам		570,2		93,2	99,9
Орта есеппен жан басына шаққандағы ақшалай табыс (бағалау) ²⁾	теңге	84223	29409	122,9 ⁵⁾	121,7 ⁵⁾	106,1
Нақты ақшалай табыс (бағалау) ²⁾	%-бен			103,6 ⁵⁾	102,5 ⁵⁾	105,5
Бір қызметкердің орташа айлық жалақысы ²⁾ :						
атаулы	теңге	55422	58599	117,2	115,1	107,3
нақты	%-бен			98,7	97,0	106,7
Қаржы көрсеткіштері⁶⁾						
М3 ақша жиыны	млрд. теңге		4815,2		122,3	103,5
Айналымдағы қолма-қол ақша	млрд. теңге		696,4		106,8	101,8
Банк жүйесіндегі депозиттер	млрд. теңге		4118,8		125,4	103,8
соның ішінде халық депозиттері	млрд. теңге		1479,8		126,7	101,7
ЕДБ-ның экономика салалары мен халыққа кредит беруі	млрд. теңге		7255,8		137,6	100,2
соның ішінде ұзақ мерзімді кредиттік салымдар	млрд. теңге		5859,8		145,6	100,4

¹⁾ Алты сала (ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп, құрылыс, сауда, көлік, байланыс) өсуінің нақты қарқыны бойынша есептеледі.

²⁾ 1-баған – 2008 жылғы қаңтар-наурыз; 2-баған – 2008 жылғы наурыз; 3-баған – 2008 жылғы қаңтар-наурыз 2007 жылғы қаңтар-наурызға %-бен; 4-баған – 2008 жылғы наурыз 2007 жылғы наурызға %-бен; 5-баған – 2008 жылғы наурыз 2008 жылғы ақпанға %-бен.

³⁾ Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитетінің деректері, ұйымдаспаған сауданың есебінсіз.

⁴⁾ 2007 жылғы желтоқсанға.

⁵⁾ 2007 жылғы қаңтар-наурыздағы және наурыздағы нақтыланған деректерге %-бен.

⁶⁾ ҚР Ұлттық Банкінің деректері бойынша, 2008 жылғы наурыздың соңына.

Ескерту: Өнеркәсіп өнімінің көлемі тиісті жылдардағы кәсіпорындар құрылымы бойынша келтірілген. Өткізудің барлық арналары бойынша бөлшек сауда тауар айналымы қоғамдық тамақтандыру қызметтерін есепке алмайды.


2. ТАУАРЛАР МЕН ҚЫЗМЕТТЕР ӨНДІРІСІ

2.1 ЖАЛПЫ ІШКІ ӨНІМ

2008 жылғы қаңтар-наурызда өткен жылғы сәйкес кезеңге қарағанда Жалпы ішкі өнімнің (ЖІӨ) нақты көлемінің индексі 106,0%, дефлятор – 116,9% құрады.

2001–2008жж. қаңтар-наурыздағы Жалпы ішкі өнімнің нақты көлемінің индексі

өткен жылғы сәйкес кезеңге, пайызбен



2007-2008жж. қаңтар-наурыздағы Жалпы ішкі өнім


өткен жылғы сәйкес кезеңге, пайызбен

	Қаңтар-наурыз				
	2008, млн. теңге	нақты көлем индексі		дефлятор, %	
		2007	2008	2007	2008
Тауарлар өндірісі	1329117,5	112,1	106,5	112,7	124,2
Ауыл шаруашылығы, аң аулау және орман шаруашылығы, балық аулау, балық өсіру	65513,6	103,9	103,7	127,1	126,9
Өнеркісіп	1088888,7	109,3	103,8	111,8	125,3
Құрылыс	174715,2	143,4	126,9	113,3	117,2
Қызметтер өндірісі	1808334,1	112,3	106,6	114,8	114,0
Сауда; автомобильдерді, тұрмыстық бұйымдарды және жеке пайдалану заттарын жөндеу	432964,9	109,6	102,0	115,3	118,6
Көлік	207912,4	105,7	100,4	108,0	104,0
Байланыс	72538,1	132,0	128,8	104,2	99,7
Қаржы қызметі	182851,5	169,7	119,1	123,6	112,9
Жалжымайтын мүлікпен операциялар, жалға беру және тұтынушыларға қызметтер көрсету	586053,7	109,9	107,2	112,7	118,5
Мемлекеттік басқару	63103,0	103,5	104,4	122,0	108,1
Білім беру	114541,5	103,7	103,1	132,4	109,3
Денсаулық сақтау	61680,2	102,0	103,5	118,0	112,9
Өзге де қызметтер	86688,8	107,3	110,6	111,3	117,3
Қаржы делдалдығының жанама-өлшемді қызметтері	-178776,6	174,1	121,0	110,5	132,0
Жалпы қосылған құн	2958675,0	110,3	105,9	114,1	117,4
Өнімдерге салынған таза салықтар	185336,7	115,2	108,3	90,2	110,0
Жалпы ішкі өнім	3144011,7	110,6	106,0	112,3	116,9

2008 жылғы қаңтар-наурызда ЖІӨ-нің құрылымындағы тауарлар өндірісінің үлесі – 42,3%, өнеркәсіп – 34,6% алады, оның ішінде кен өндіру өнеркәсібі – 19,8%, өңдеу өнеркәсібі – 12,2%, электр энергиясын, газ бен суды өндіру және бөлу – 2,6%.

2007-2008жж. Жалпы ішкі өнімнің салалық құрылымы

пайызбен



1- өнеркәсіп; 2 – ауыл шаруашылығы; 3 – құрылыс; 4 – көлік; 5 – байланыс; 6 – сауда; 7 – өзге де салалар.


ЖІӨ-нің құрылымындағы қызмет көрсетулер өндірісінің үлесі 57,5% құрады. Жылжымайтын мүлікпен операциялар, жалға беру және тұтынушыларға қызметтер көрсету – 18,7%, қаржы қызметі – 5,8%, білім беру – 3,6%, мемлекеттік басқару – 2%, және коммуналдық, әлеуметтік және дербес қызметтерді көрсету – 1,8%, денсаулық сақтау – 2%, қонақ үйлер мен мейрамханалар – 0,9% алады.

2.2 ӨНЕРКӘСІП ӨНДІРІСІ

2008 жылғы қаңтар-сәуірде 2007 жылғы қаңтар-сәуірдегі деңгейге өнеркәсіп өндірісінің нақты көлем индексі 103,5% (тиісінше, 2005ж. – 104,8%, 2006ж. – 103,2%, 2007ж. – 109,5%) құрады. Есепті кезеңде 3271,6 млрд. теңгенің өнеркәсіп өнімі өндірілді. Өндіріс көлемінің өсуі, Ақмола, Қарағанды, Қостанай, Қызылорда облыстары және Астана, Алматы қалаларынан басқа, республиканың барлық өңірлерінде байқалды.


Өнеркәсіп өнімдерінің нақты көлем индекстері

өткен жылғы тиісті айға %-бен



Тұтастай өнеркәсіп бойынша нәтижелердің қалыптасуына кен өндіру өнеркәсібі аса үлкен ықпал етті. Есепті кезеңде оның үлесі республикалық өндіру көлемінде 63,8% (2006-2007 жылдары ол 58-57%) құрады. Өңдеу өнеркәсібіне өнеркәсіп өнімінің барлық көлемінің 30%-ы (37-38%) келді.


2007-2008 жылдардағы қаңтар-сәуірде өнеркәсіп өнімдерінің нақты көлем индекстері және өнеркәсіптің салалық құрылымы



Кен өндіру өнеркәсібінде өткен кезеңде 2088,4 млрд. теңгенің өнімі өндірілді, бұл өткен жылғы тиісті кезеңнен 6,3%-ға жоғары. Мұнай өндіру негізі Атырау облысының кәсіпорындарында артты. Сондай-ақ, табиғи газ, газ конденсаты, көмір өндірісі өсті. Сонымен қатар, Шығыс Қазақстан және Қарағанды облыстарында мыс қойыртпасындағы мыс, Қостанай облысында теміркенді шемтектар шығару қысқарды.

Кен өндіру өнеркәсібінің нақты көлем индекстері


өткен жылғы тиісті айға %-бен



Өңдеу өнеркәсібінде ағымдағы жылғы қаңтар-сәуірде өндіріс 0,9%-ға төмендеген және 981,9 млрд. теңгені құрады. Тамақ өнімдерін, құрылыс материалдарын, түсті металдарды, көлік құралдары мен жабдықтарын шығару қысқарды.

Өңдеу өнеркәсібінің нақты көлем индекстері

өткен жылғы тиісті айға %-бен



Сусындарды қоса, тамақ өнімдерінің өндірісі 185,2 млрд. теңгені құрады. Бұл өткен жылғы қаңтар-сәуірден 2%-ға аз болды. Жеміс шырындары, күнбағыс және мақта майы, сүт, сары май, ірімшік және сүзбе, ұн, тазартылған күріш, кондитерлік өнімдерін шығару төмендеді. Ет, шұжық өнімдері, жарма, нан, қант, макарон өнімдерін шығару өсті.

Есепті кезеңде **тоқыма және тігін өнеркәсібінде** нақты көлем индексі 103% құрады. Мақта талшығының, мата, свитерлер, жемпірлер және пуловерлер шығару артты. Кілем, кілем бұйымдарын және қалпақтар, бас киімдер (Алматы қаласы) шығару төмендеді.

Аяқ киімдер және қойдың, ешкінің, шошқаның, ірі қара малдың терісінен жасалған былғарының өсуі есебінен былғары, **былғарыдан жасалған бұйымдар мен аяқ киімдер** өндіріс көлемі 2,4 есе өсті.

Сүрек өңдеу және ағаштан жасалған бұйымдар шығару көлемі 2007 жылғы қаңтар-сәуірдегі деңгейге 94,5% құрады. Ағаш талшығынан жасалған тақталар, терезелер және есіктер, паркет шығару қысқарды. Теміржол немесе трамвай шпалдарын, ағаш жәшіктерінің өндірісі өсті.

Ағымдағы жылғы қаңтар-сәуірде **целлюлоза-қағаз өнеркәсібінде және баспа ісінде** нақты көлем индексі 97,2% деңгейде қалыптасты. Кеңірдектелген қағаз және қатырма қағаз, газеттер және журналдар, заттаңбалар мен құлақша қағаздар, тұсқағаз өндірісі төмендеді.

2008 жылғы қаңтар-сәуірдегі өңдеу өнеркәсібі қызметінің жекелеген түрлерінің нақты көлем индекстері және үлес салмағы



Ағымдағы жылғы қаңтардан бастап сәуірге дейінгі кезеңде **кокс, мұнай өнімдері және ядролық материалдар** 75,6 млрд. теңгеге өндірілді, бұл өткен жылғы деңгейден 3,5%-ға асып түсті. Кокс, газойльдер, мазут және бутан өндіру артты. Шикізаттың жетіспеушілігіне байланысты Павлодар кәсіпорындарында керосин және бензин шығару төмендеді.

Ағымдағы жылғы қаңтар-сәуірде азотты тыңайтқыштар, фосфор қышқылын, натрий трифосфатын және бихроматын, хром тотығын шығаруының арттыру есебінен, **химия өнеркәсібінде** (102%) өндірісі артты. Фосфорлы тыңайтқыштар, фосфор (Жамбыл облысы), күкірт қышқылының (Шығыс Қазақстан және Қарағанды облыстары), хром илегіш және хром триоксидінің (Ақтөбе облысы) өндірісі қысқарды.

Резеңке және пластмасса бұйымдарын өндіруде нақты көлем индексі 113,2% құрады. Резеңкеден және пластмассадан жасалған құбырлар, түтіктер және шлангілер, резеңке ленталар, пластмассадан жасалған есіктер және терезелер шығару өсті. Пластмассадан жасалған тақталар, табақтар мен жолақтар өндіру төмендеді.

2008 жылдың басынан бері **өзге де металл емес минералды өнімдер өндірісінің** едәуір төмендегені байқалды. Есепті кезеңде өндіріс 21,2%-ға қысқарды, көлем 51,3 млрд. теңгені құрады. Өнімге сұраныстың азаюына байланысты құрылыс материалдары: цемент, әк, тақтайшалар, кірпіштер, бетон, құрылыс конструкцияларын шығару қысқарды (Шығыс Қазақстан облысы, Астана, Алматы қалалары).

Металлургия өнеркәсібінде 2008 жылғы қаңтар-сәуірде 2007 жылғы тиісті деңгейге нақты көлем индексі 99,2% құрады. Сала үлесіне өңдеу өнеркәсібі көлемінің 45%-ға жуығы келеді. Өткен кезеңде 196,2 млрд. теңгенің қара металлургия, 220,5 млрд. теңгенің түсті металлургия өнімі өндірілді. **Қара металлургияда** болат және ферроқорытпалар шығаруының өсуі есебінен өндіріс 0,7%-ға артты. **Түсті металдар өндірісінде** нақты көлем индексі 96,3% құрады. Тазартылған мыс, тазартылған күміс, мырыш (Қарағанды облысы), қорғасын (Шығыс Қазақстан облысы) өндіру қысқарды. Тазартылған алтын, алюминий тотығы, мыс сымдарын шығару артты.

2008 жылғы қаңтар-сәуірдегі өңдеу өнеркәсібі қызметінің жекелеген түрлерінің нақты көлем индекстері және үлес салмағы



Өткен кезеңде **машина жасау саласында** 85,5 млрд. теңгеге өнім өндірілді. Өткен жылмен салыстырғанда нақты көлем индексі 99,1% құрады.


Машиналар мен жабдықтар өндірісі 17,4%-ға өсті. Мойынтіректер, тракторлар, жинау машиналар, сорғылар шығару артты. Мұнымен қатар, тұрмыстық кір жуғыш машиналар, кен өндіру өнеркәсібіне арналған машиналар (Алматы қаласы), мұнай кәсібіне арналған жабдықтар (Солтүстік Қазақстан облысы), мұнай-газды қайта өңдейтін жабдықтар (Батыс Қазақстан облысы) шығару қысқарған.

Электр жабдықтарын, электрондық және оптикалық жабдықтар (92,2%): цифрлық есептеу машиналары, сұйықтықтың және электр энергиясын санаушының (Алматы қаласы), сымдар мен кабельдер (Қарағанды облысы) шығару төмендеді. Алматы қаласында магнитофондар шығару тоқтатылды. Аккумуляторлар, трансформаторлар мен конденсаторлар өндірісі артты.

Көлік құралдары мен жабдықтары 32,3 млрд. теңгеге шығарылды, бұл өткен жылғы деңгейден 8,8%-ға төмен. Ақмола облысында жүк тасымалдайтын автомобильдер және Солтүстік Қазақстан облысында қозғалтқыштар бөлшектері 2007 жылғы қаңтар-сәуірге қарағанда аз шығарылған. Жолаушыларға арналған жеңіл автомобильдер шығару 1,4 есе артты (Шығыс Қазақстан облысы).

Өнеркәсіптің өзге де салаларында ағымдағы жылғы қаңтар-сәуірде қаңқасы ағаштан жасалған отыруға арналған, кеңсе және ас үйге арналған жиһаз, зергерлік бұйымдар, спорт тауарларын шығару (79,7%) төмендеді. Қаңқасы металдан жасалған отыруға арналған жиһаз, ағаш төсектер өндірісі өсті.

2008 жылғы қаңтар-сәуірдегі электр энергиясын, газ бен су өндіру және бөлудің нақты көлем индекстері және үлес салмағы




Электр энергиясын, газ бен су өндіру және бөлуде 2008 жылғы қаңтар-сәуірде өткен жылмен салыстырғанда нақты көлем индексі 107,9% құрады.

Есепті кезеңде электр энергиясы 29,7 млрд. кВт/сағ. өндірілді. Бұл 2007 жылғы тиісті деңгейден 7,9%-ға жоғары. Ақмола, Шығыс Қазақстан және Қарағанды облыстарынан басқа барлық өңірлер кәсіпорындарының өндірісі өсті.

Жылу энергиясын өндіру 43,5 млн. Гкал құрады немесе 2007 жылғы қаңтар-сәуірмен салыстырғанда 5,8%-ға көп. Ақмола, Атырау облыстары және Алматы қаласынан басқа барлық өңірлерде өндіріс артты.

Электр энергиясын, газ бен су өндіру және бөлудің нақты көлем индекстері

өткен жылғы тиісті айға %-бен



2.3 АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру

Ауыл шаруашылығы өнімдерінің жалпы көлемі 2008 жылғы қаңтар-сәуірде тұтастай республика бойынша, бағалау бойынша, ағымдағы бағаларда 158,5 млрд. теңгені құрады, бұл 2007 жылғы тиісті кезеңдегіден 3,9%-ға көп.

Өсімдік шаруашылығы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің алдын ала алынған деректері бойынша жалпы егістік алқабы 2008 жылы 19640,3 мың гектарды құрайды, бұл өткен жылдағыдан 685,8 мың гектарға немесе 3,6%-ға көп.

Көзделген егістік алқаптары құрылымының алдын ала алынған деректерін талдау жоғары тиімді, экспортқа бағытталған егістер артқанын айғақтайды.


Солтүстік Қазақстан – 264,6 мың гектарға, Ақмола – 100,4 мың га, Павлодар – 99,4 мың га, Ақтөбе – 50,6 мың гектарға, Қостанай – 42,3 мың га, Қарағанды – 13,4 мың га, Батыс Қазақстан облыстарында – 10,9 мың гектарға егістіктің өсуі есебінен дәнді дақылдарды отырғызуға арналған алқап 2007 жылмен салыстырғанда 560,8 мың гектарға (3,6%-ға) артты. Қалған облыстарда дәнді дақылдарды отырғызуға арналған егістіктер дерлік өткен жылғы деңгейде сақталды, тек Оңтүстік Қазақстан (20,5 мың га) және Қызылорда (7,9 мың га) облыстарында елеулі қысқарды. Егістік алқап құрылымында бидай үлесі 0,5%-ға өсіп, 68,5% құрады, бұл 2007 жылы 68,0% болды, ал қарақұмық мен күрішке арналған алқаптар үлесі, тиісінше 34,7 және 9,6 мың гектарға (24,1% және 10,9%-ға) азайып, 109,5 және 78,8 мың гектарды құрады. Қара бидай егістіктердің – 30%, дәндік жүгері – 3,5%, сұлы – 3%, арпаның – 1,4%-ға өсуі қарастырылып отыр.

Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуі міндетін шешу үшін майлы дақылдарды отырғызуға арналған егіс алқабы 98 мың гектарға немесе 14,6%-ға арттылады, бұл негізінен күнбағыс, рапс және мақсары алқаптарының өсуі есебінен болады.

Күнбағыс алқабы 28,8 мың га (7,9%), рапс – 65,3 мың га (38,4%), мақсары – 6,6 мың гектарға (8,2%-ға) арттырылады.

Ауыл шаруашылығы дақылдарының көзделген егістік алқабы

мың гектар




Мал шаруашылығы

Ағымдағы жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша өткен жылғы тиісті күнмен салыстырғанда шаруашылықтардың барлық санаттарында мал төлдеу және оны сатып алудың өсуі есебінен ірі қара мал басының (3,7%), қой мен ешкі (5,5%), шошқа (4,2%), жылқы (5,7%), түйе (4,8%) және құс (2,7%) өсуі байқалған.

Ауыл шаруашылығы малдары мен құс саны

мың бас




2008 жылғы қаңтар-сәуірде өткен жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда ет өндірісінің өсуі малдың тірідей орташа салмағының өсуі есебінен 103,6% құрады. Мал мен құстың барлық түрлерін өткізу (102,8%-дан 107,9%-ға дейін) артты. Бір ірі қара мал басының орташа тірідей салмағы 296 кг, қой мен ешкі – 37 кг, жылқы – 313 кг құрады.

Сауылатын сиырдың орташа саны (2,3%-ға) мен сүт бағытындағы бір сиырға сүттің орташа сауылуының (1,9%-ға) өсуі есебінен сиыр сүтін өндіру 4,2%-ға өсті.

Мекиен тауықтың орташа басының 4,7%-ға және 1 мекиен тауықтың орташа жұмыртқалауының өсуі есебінен жұмыртқа өндірісі 6,7%-ға өсті.

Мал шаруашылығы өнімдерінің негізгі түрлерін өндіру



2.4 ҚҰРЫЛЫС


ҚҰРЫЛЫС ҚЫЗМЕТІ

2008 жылғы қаңтар-сәуірде құрылыс жұмыстарының (қызметтерінің) көлемі, бағалауды есептегенде, 291,5 млрд. теңгені құрады, бұл 2007 жылғы қаңтар-сәуірдегі деңгейден 7,9%-ға көп.

Республика көлемінде жеке құрылыс ұйымдары атқарған құрылыс жұмыстарының үлес салмағы едәуір – 72% болды. Шетелдік мердігерлер – 27,5%, мемлекеттік ұйымдар – 0,5%-ын орындады.

Құрылыс жұмыстарының нақты көлем индекстері


өткен жылғы тиісті айға%-бен



Орындалған жұмыстардың құрылымында ғимарат тұрғызу және азаматтық құрылыс бойынша жұмыстар (жалпы көлемнің 59,2%-ы) едәуір үлесті құрайды (2007 жылғы қаңтар-сәуірде – 60,9%).

Орындалған құрылыс жұмыстарының түрлері бойынша құрылымы

пайызбен




Құрылыс жұмыстары көлемінің өсуі 2007 жылғы қаңтар-сәуірмен салыстырғанда республиканың 10 өңірінде байқалды. Мұның өзінде құрылыс жұмыстарының едәуір өсуі Ақтөбе (1,7 есеге), Оңтүстік Қазақстан (1,6 есеге), Атырау (1,5 есеге) облыстарында байқалды.

Жалпы республикалық құрылыс жұмыстарының көлемінде Астана, Алматы қалалары және Атырау облысы елеулі үлес (жалпы көлемнен барлығы 60%-дан артық) алады.


Өңірлер бойынша құрылыс жұмыстарының нақты көлем индекстері

өткен жылғы тиісті кезеңге%-бен



2008 жылғы қаңтар-сәуірде 8479 ғимараттар салынды, оның ішінде 7349 тұрғын және 1130 тұрғын емес мақсаттағы. Пайдалануға берілген тұрғын емес мақсаттағы объектілердің едәуір саны сауда – 454, сондай-ақ көлік және байланыс саласына келеді – 380. Денсаулық сақтау және білім беру саласында 21 объект пайдалануға берілді, оның ішінде 3 – жалпы білім беретін мектеп, 2 – мектепке дейінгі мекеме, 16 – амбулаторлық-емханалық мекеме.

Білім беру және денсаулық сақтау объектілерін пайдалануға беру




ТҰРҒЫН ҮЙ ҚҰРЫЛЫСЫ

2008 жылғы қаңтар-сәуірде негізгі капиталға жұмсалған инвестиция көлемінің 18,8%-ы тұрғын үй құрылысына (160,4 млрд. теңге) бағытталды, бұл 2007 жылғы қаңтар-сәуірде игерілген инвестициядан 22,6%-ға көп.

Барлық меншік нысанындағы кәсіпорындар мен ұйымдар және халықпен жалпы алаңы 1897 мың шаршы метр тұрғын үйлер пайдалануға берілді, бұл 2007 жылғы қаңтар-сәуірдегі деңгейден 1,5%-ға төмен. Жеке кәсіпорындармен, ұйымдармен және жеке тұрғындармен тұрғын үйлерді пайдалануға беру басым болып қалып отыр (пайдалануға берілген жалпы тұрғын үй көлемінің 90,5%-ы). Жеке құрылысшылар үлесіне 54,1% келеді. Мемлекеттік ұйымдарымен тұрғын үйдің жалпы көлемінің 2,7%-ы пайдалануға берілді. Шетел кәсіпорындарымен тұрғын үйдің жалпы алаңының 6,8%-ы пайдалануға берілді.

Тұрғын үйлерді пайдалануға берудің нақты көлем индексі

өткен жылғы тиісті айға%-бен



Пайдалануға берілген тұрғын үйлердің көлемінің төмендеуі республиканың 8 өңірінде байқалады. Елеулі азаюы Оңтүстік Қазақстан облысында (41%-ға) және Алматы қаласында (39,7%-ға) байқалды.

Тұрғын үйлер құрылысының құны. Тұрғын үйдің жалпы алаңының 1 шаршы метр құрылысының орташа нақты құны 2008 жылғы қаңтар-сәуірде 58,4 мың теңге, соның ішінде жеке тұрғындармен салынғаны – 39,8 мың теңгені құрады.

2.5 КӨЛІК

2008 жылғы қаңтар-сәуірде республикадағы **жүк айналымы** (коммерциялық тасымалдаумен айналысатын көліктік емес ұйымдар мен кәсіпкерлер тасыған жүк көлемін бағалауды есепке алғанда) 115919,4 млн. ткм құрады, бұл 2007 жылғы қаңтар-сәуірдегі жүк айналымынан 8,2%-ға көп.

Темір жол көлігінің жүк айналымы 2008 жылғы қаңтар-сәуірде 69908,9 млн. ткм құрады, бұл республика ішінде ұзақ қашықтыққа тасымалдаулардың артуы есебінен 2007 жылғы қаңтар-сәуірге қарағанда 11,6%-ға жоғары болды.

2008 жылғы қаңтар-сәуірде **автокөліктің** жүк айналымы (коммерциялық тасымалдаумен айналысатын көліктік емес ұйымдар мен кәсіпкерлер тасыған жүк көлемін бағалауды есепке алғанда) – 16634,6 млн. ткм құрады, бұл 2007 жылғы қаңтар-сәуірге қарағанда 5,5%-ға көп.


Магистралдық құбырдың жүк айналымы 2008 жылғы қаңтар-сәуірде 29318,9 млн. ткм құрады, бұл 2007 жылғы қаңтар-сәуірден 2,2%-ға көп. Жүк айналымының жалпы көлемінен мұнай тасымалдау 14816,5 млн. ткм құрады (2007 жылғы қаңтар-сәуірге Каспий құбыры желісі консорциумы бойынша және Қытайға жеткізілімнің өсуі есебінен 6,5%-ға артты), газ – 14502,4 млн. ткм құрады (орта азиялық және ресей газының транзит көлемінің төмендеуі есебінен 1,8%-ға кеміді).

Су жолының ашылуынан бастап **өзен көлігінің** жүк айналымы 2973,0 мың ткм құрады, бұл өткен жылғы тиісті кезеңдегіден 31,3 есеге артық.

Әуе көлігінің жүк айналымы 2008 жылғы қаңтар-сәуірде 20094,1 мың ткм құрады немесе 2007 жылғы қаңтар-сәуірден 7,8%-ға төмендеді.

Жүк айналымының серпіні


өткен жылғы тиісті айға%-бен



Жолаушылар айналымы 2008 жылғы қаңтар-сәуірде 2007 жылғы қаңтар-сәуірмен салыстырғанда 4,7%-ға артып, 36215,6 млн. жкм құрады, соның ішінде темір жол көлігінің жолаушылар айналымы – 1,1%, автобустарда – 5,3%, таксиде – 2,5%, әуе көлігінде – 25,0%-ға артты, бұл халықтың экономикалық тұрғыдан белсенділігінің өсуіне байланысты болды. Сонымен қатар троллейбустағы – 36,7%, трамвайдың – 17,8%-ға төмендеуі байқалды.

Жолаушылар айналымының құрылымы


пайызбен



2.6 БАЙЛАНЫС

2008 жылғы қаңтар-сәуірде жедел деректер бойынша республиканың байланыс кәсіпорындары 129,4 млрд. теңге сомада қызмет көрсетті, соның ішінде халыққа көрсетілгені – 53,4 млрд. теңге, бұл 2007 жылғы қаңтар-сәуірге қарағанда салыстырмалы бағада, тиісінше – 28,1% және 27,0%-ға көп.


2008 жылғы қаңтар-сәуірде байланыс қызметтерінен түскен табыстар



Телекоммуникациялық рыноктың белсенді дамуына абоненттік базалардың ұлғаю факторы, жаңа өнімдерді ұсыну және электр байланысы қызмет көрсетулеріне тарифтік жоспарлардың төмендеуі ықпал етеді.

Байланыс қызметтерінің серпіні


өткен жылғы тиісті айға %-бен



2008 жылғы қаңтар-сәуірде байланыс қызметтерінен түскен табыстар құрылымында ең көп үлесті жедел әрекетті байланыс – 52,5% құрайды. 2007 жылғы қаңтар-сәуірмен салыстырғанда жедел әрекетті байланыс қызметтерінің көлемі 36,2%-ға өсті.

Байланыс қызметтерінен түскен табыстардың құрылымы


пайызбен



Байланыс кәсіпорындары табыстарының жалпы көлемінде халыққа байланыс қызметтерін өткізуден түскен табыс – 41,3% құрады. 2008 жылғы қаңтар-сәуірде халыққа көрсетілген байланыс қызметтерінен түскен табыстар көлемінде 58,4% – жедел әрекетті байланыс қызметтері, 18,1% – қалааралық, халықаралық байланыс қызметтері, 10,6% – жергілікті телефон байланысы қызметтері, 12,9% – байланыстың өзге де түрлері қызметтерінен түскен табыстар құрайды.

2008 жылғы қаңтар-сәуірде халыққа көрсетілген байланыс қызметтерінен түскен табыстар

млн. теңге




2.7 САУДА ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ ҚЫЗМЕТТЕР

2008 жылғы қаңтар-сәуірде бөлшек сауда тауар айналымының көлемі 685,9 млрд. теңгені құрап, өткен жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда (тұрақты бағаларда) 1,5%-ға артты. 2008 жылғы сәуірде тауар өткізу 184,5 млрд. теңгені құрады, бұл 2007 жылғы сәуірдегі деңгейден тұрақты бағаларда 5,5%-ға төмен, 2008 жылғы наурызбен салыстырғанда өсу 5,4% құрады.

2007-2008жж. айлары бойынша бөлшек сауда тауар айналымының серпіні


өткен жылғы тиісті айға пайызбен



Қаңтар-сәуірде тұтыну тауарларын сату республика халқының жан басына шаққанда орта есеппен 43,9 мың теңгені құрады, бұл 2007 жылғы сәйкес кезеңге қарағанда 9,3 мың теңгеге жоғары.

2008 жылғы қаңтар-сәуірдегі өңірлер бойынша бөлшек сауда тауар айналымының нақты көлем индекстері


өткен жылғы тиісті кезеңге пайызбен



Жыл басынан бері жеке меншік нысанындағы кәсіпорындар мен жеке кәсіпкерлердің және базарларда тауар өткізу бойынша айналым 664,3 млрд. теңге (96,9%), басқа мемлекеттердің, олардың заңды тұлғалары мен азаматтарының айналымы – 21,4 млрд. теңге (3,1%) сомасында алынды.

Өткізу арналары бойынша бөлшек сауда тауар айналымының құрылымы

жалпы көлемге %-бен



Бөлшек сауда тауар айналымының өсуі, ең алдымен, саудамен айналысатын кәсіпорындар тауар айналымының нақты көлемінің артуына (өткен жылғы тиісті кезеңге 4,7%-ға) байланысты екендігін айта кету керек. Бөлшек сауда тауар айналымының жалпы көлемінде қызмет көрсету мәдениетінің жоғары деңгейі мен сапалы тауарлардың мол түрімен қамтамасыз етілетін кәсіпорындар үлесі де (2007 жылғы қаңтар-сәуірде 55,3%-дан 2008 жылғы қаңтар-сәуірде 57,1%-ға дейін) тоқтаусыз артуда.

Тұрақты сауда желісі қызметінің дамуына сауда нысанының қазіргі заманғы және озық түрлерін енгізу ықпал етуде. Барлық өңірлердегі сауда кәсіпорындарында ұзақ пайдаланатын тауарларды кредитке сату енгізілуде. Төлемдік электрондық көршікелерді пайдалану арқылы қолма-қол ақшасыз сату кең өріс алуда.

Алматы, Астана қалаларында және республиканың басқа да ірі қалаларында супермаркеттер, гипермаркеттер желісі көбеюде, оларда сатып алушылар ең қысқа мерзімде салыстырмалы түрде қолайлы бағалар бойынша қажетті тауарлардың барлық түрлерін сатып ала алады. Сауда кәсіпорындары желісінің тартымдылығы сатып алушыларға сатқаннан кейінгі көрсетілетін сервис қызметімен қамтамасыз етіледі.

Бөлшек сауда тауар айналымының жалпы көлемінде жеке кәсіпкерлер үлесі – 22,6%, базарлардағы саудада – 20,3% құрады.

Республиканың көтерме сауда тауар айналымы ағымдағы жылғы қаңтар-сәуірде 1561,5 млрд. теңгені құрады немесе 2007 жылғы тиісті кезеңнен 4,7%-ға көп болды. Мұның өзінде, іс жүзінде алынған тауар айналымының барлық көлемі мемлекеттік емес секторға келеді. Көтерме сауда тауар айналымында азық-түлік емес тауарлар мен өндірістік-техникалық мақсаттағы тауарлардың басым үлес алуы жалғасуда.

2008 жылғы қаңтар-сәуірде қоғамдық тамақтандыру қызметтерін көрсету көлемі 31 млрд. теңгені құрады немесе өткен жылғы тиісті кезеңнен 12,7%-ға көп болды. Мұның өзінде қоғамдық тамақтандыру қызметтерін көрсетудің жалпы көлемінің 14,2%-ын жеке кәсіпкерлер ұсынып отыр.

Талдау жасалып отырған кезең ішінде техникалық қызмет көрсету және автомобильдерді, мотоциклдерді, тұрмыстық бұйымдар мен жеке пайдаланатын заттарды жөндеу бойынша қызмет көрсету көлемі 5,8 млрд. теңгені құрады. Бұл қызметтердің басым бөлігі (57,9%) шағын кәсіпкерлік саласында (шағын кәсіпорындар мен жеке кәсіпкерлер) ұсынылып отыр.

3. ШАҒЫН КӘСІПКЕРЛІК СУБЪЕКТИЛЕРІ МОНИТОРИНГІ


Белсенді шағын кәсіпкерлік субъектілерінің 2008 жылғы қаңтар-сәуірде шығарылған өнімдері (тауарлар, қызмет көрсетулер) өткен жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда (тұрақты бағаларда) 2,1%-ға өсті және 601718,1 млн. теңгені құрады.

өткен жылғы тиісті кезеңге%-бен

	Белсенді шағын кәсіпкерлік субъектілерінің саны	Жұмыспен қамтылғандар саны	Өнім (тауарлар, қызмет көрсетулер) шығару
Қазақстан Республикасы	115,0	107,2	102,1
Ақмола	119,8	105,4	104,5
Ақтөбе	132,0	105,3	98,0
Алматы	118,2	106,7	105,2
Атырау	118,1	115,5	100,8
Шығыс Қазақстан	114,9	113,1	114,8
Жамбыл	117,8	106,8	100,1
Батыс Қазақстан	114,4	108,5	100,2
Қарағанды	109,0	106,8	113,2
Қостанай	122,6	100,2	101,5
Қызылорда	111,5	111,0	81,8
Маңғыстау	124,5	102,6	97,5
Павлодар	111,9	103,2	105,4
Солтүстік Қазақстан	104,7	89,4	89,1
Оңтүстік Қазақстан	102,6	107,2	96,6
Астана қаласы	120,1	114,1	113,3
Алматы қаласы	120,5	108,9	93,0

Өнім шығарудың өсуі көптеген өңірлерде тіркелді, едәуір өсуі Астана қаласында, Шығыс Қазақстан және Қарағанды облыстарында байқалды.

Шағын кәсіпкерлік субъектілері шығарған өнімдердің (тауарлар, қызмет көрсетулердің) құрылымы пайызбен




Рынокта белсенді жұмыс істейтін шағын кәсіпкерлік субъектілерінің саны 2008 жылғы 1 мамырға өткен жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда 15,0%-ға артып, 688407 бірлікті құрады, оның ішінде 54923 заңды тұлғалар, 463874 – жеке кәсіпкерлер және 169610 шаруа қожалықтары.

Республиканың барлық өңірлерінде белсенді жұмыс істейтін шағын кәсіпкерлік субъектілерінің 1000 тұрғынға шаққандағы санының артуы белгіленді. Олардың саны Ақтөбе (10,4 бірлік), Маңғыстау (9,6 бірлік), Атырау (9,1 бірлік) облыстарында едәуір артты. Басқа өңірлерде көрсеткіштің артуы 8 бірлікке дейін құрады.

Белсенді жұмыс істейтін шағын кәсіпкерлік субъектілерінің 1000 тұрғынға шаққандағы саны бойынша өңірлердің бөлінуі


бірлік



Шағын кәсіпкерліктегі жұмыспен қамтылғандар саны 7,2%-ға артып, 1841642 адамды құрады.

Шағын кәсіпкерліктегі жұмыспен қамтылғандар саны


мың адам



2008 жылғы 1 мамырға шағын кәсіпкерлік субъектілерінің жұмыспен қамтылғандар санының ең көп артуы өткен жылғы тиісті көрсеткішпен салыстырғанда Астана қаласында (14,1%-ға), Атырау (15,5%-ға), Шығыс Қазақстан (13,1%) облыстарында белгіленді. Республиканың қалған өңірлерінде арту шамалы пайызды құрады.

Шағын кәсіпкерлікте жұмыспен қамтылғандар санының құрылымы

пайызбен



4. СЫРТҚЫ САУДА


(Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитетінің ақпараты)

4.1 СЫРТҚЫ САУДА АЙНАЛЫМЫ

Қазақстан Республикасының сыртқы сауда айналымы кеден статистикасының деректері бойынша ұйымдаспаған сауда есебінсіз 2008 жылғы қаңтар-наурызда 22875,1 млн. АҚШ долларын құрады және 2007 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда 38,4%-ға артты, оның ішінде экспорт – 15780,5 млн. АҚШ доллары болып, 57%-ға артты, импорт (тасымалдауға және сақтандыруға кеткен шығыстарды есепке алғанда) – 7094,6 млн. АҚШ долларын құрап, 9,6%-ға артты.

Экспорттың тауарлық құрылымы

қорытындыға%-бен




Қазақстан өнімдерінің негізгі сатып алушылары: Италия (17%), Швейцария (15,6%), Қытай (9%), Ресей Федерациясы, Франция (8,2%-дан), Нидерланды (4,6%), Иран (3,5%), Украина (3,2%), Израиль (2,9%), Түркия (2,8%), Испания (2,4%).

Талданып отырған кезең ішінде экспорттың жалпы көлеміндегі ТМД елдерінің үлесі 15,9% (2007 жылғы қаңтар-наурызда – 16,1%) құрады.

Импорттың тауарлық құрылымы

қорытындыға%-бен



2008 жылғы қаңтар-наурызда инвестициялық тауарлар импорттың жалпы көлемінде 2928,7 млн. АҚШ долларын немесе 41,3% (2007 жылғы қаңтар-наурызда – 2938 млн. АҚШ доллары немесе 45,4%) құрады.

2008 жылғы қаңтар-наурызда барлық импорттың жеткізілімдердің 49%-ы ТМД елдеріне (2007 жылғы қаңтар-наурызда – 43%) келеді. Импорт өнімдерінің негізгі жеткізушілері: Ресей Федерациясы (импорттың жалпы көлемінің 40,1%-ы), Қытай (9,8%), Германия (7,1%), Украина (5,5%), АҚШ (4,4%), Жапония (3,7%), Италия (2,9%), Түркия (2,7%), Франция (2%), Ұлыбритания (1,6%).

4.2 ТМД МЕМЛЕКЕТТЕРІМЕН СЫРТҚЫ САУДА

2008 жылғы қаңтар-наурызда ТМД елдерімен сыртқы сауда айналымы 5992,6 млн. АҚШ долларын құрады және 2007 жылғы қаңтар-наурызбен салыстырғанда 36,1%-ға артты, оның ішінде экспорт – 2513,5 млн. АҚШ доллары болып, 55%, импорт – 3479,1 млн. АҚШ долларын құрап, 25,1%-ға артты.

Жалпы тауар айналымындағы ТМД мемлекеттерінің үлесі 26,2% (2007 жылғы қаңтар-наурызда – 26,6%) құрады.

2008 жылғы қаңтар-наурызда ТМД мемлекеттеріне шығарылған экспорттың жалпы көлеміндегі минералдық өнімдердің үлес салмағы 50% (2007 жылғы қаңтар-наурызда – 47%), азық-түлік тауарлары – 14% (13%), химиялық өнімдер – 11% (18%) құрады.

2008 жылғы қаңтар-наурызда ТМД елдерінен әкелінетін импорт көлеміндегі машиналар, жабдықтар, көлік құралдары, приборлар мен аппараттардың үлесі – 21% (2007 жылғы қаңтар-наурызда – 24%), минералды өнімдер – 38% (31%), металлургия өнімдері – 15% (17%), химия тауарлары – 7% (9%) құрады.

ТМД елдері минералдық, химия және металлургия өнімдерінің негізгі жеткізушілері болып табылады: 2008 жылғы қаңтар-наурызда осы елдерден әкелінетін минералдық ресурстар импортының көрсетілген тауарлардың жалпы импортындағы үлесі 96% (2007 жылғы қаңтар-наурызда – 94%), металлургия өнімдері – 58% (52%), азық-түлік тауарлары – 63% (59%), химия тауарлары – 36% (39%) құрады.

4.3 ӘЛЕМНІҢ БАСҚА ЕЛДЕРІМЕН СЫРТҚЫ САУДА

2008 жылғы қаңтар-наурызда әлемнің басқа елдерімен сыртқы сауда айналымы 16882,5 млн. АҚШ долларын құрап, 2007 жылғы осы кезеңмен салыстырғанда 39,3%-ға артты, оның ішінде экспорт – 13267 млн. АҚШ доллары болып, 57,4%-ға өсті, импорт – 3615,5 млн. АҚШ долларын құрап, 2,1%-ға төмендеді.

2008 жылғы қаңтар-наурызда әлемнің басқа елдеріне шығарылған экспорттың жалпы көлеміндегі минералды шикізаттың үлес салмағы – 76% (2007 жылғы қаңтар-наурызда – 73%), металлургия өнеркәсібінің өнімдері – 12% (18%) құрады.

2008 жылғы қаңтар-наурызда әлемнің басқа елдерінен әкелінген импорт көлеміндегі машиналар, жабдықтар, көлік құралдары, приборлар мен аппараттардың үлесі – 59% (2007 жылғы қаңтар-наурызда – 64%), азық-түлік тауарлары – 6% (5%), химия өнімдері – 13% (11%), металлургия өнеркәсібінің өнімдері – 11% (12%) құрады.


Елдің аса маңызды тауарларға қажеттілігін қамтамасыз етуде әлемнің басқа елдері үлкен роль атқарады: 2008 жылғы қаңтар-наурызда осы елдерден әкелінген машина жасау өнімдері импортының көрсетілген тауарлардың жалпы импортындағы үлесі – 75% (2007 жылғы қаңтар-наурызда – 78%), фармацевтикалық тауарлардың – 88% (87%), киімдердің – 87% (83%), азық-түлік тауарларының үлесі – 37% (41%) құрады.

5. ТАУАР РЫНОГЫ

2008 жылғы қаңтар-наурызда республиканың экономикалық айналымындағы табиғи отын-энергетикалық ресурстар шартты түрдегі отынға есептегенде 48,2 млн. тоннаны құрап, 2007 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда 12,1%-ға өсті. Олардың құрылымындағы негізгі үлесті, әдеттегідей, шикі мұнай және көмір алады.

2008 жылғы қаңтар-наурыздағы табиғи отын ресурстарының құрылымы

пайызбен




2008 жылғы қаңтар-наурызда мұнай ресурстары 16,5 млн. тоннаны құрап, 2007 жылғы сәйкес кезеңмен салыстырғанда 6,3% жоғарылады, көмір және лигнит – 29,5 млн. тонна және 18,8%, табиғи газ – тиісінше 4,8 млрд. текше м және 15,5%-ға өсті.

Табиғи отын ресурстарының толығын отандық өндіріс қамтамасыз етеді. 2008 жылғы қаңтар-наурызда елде табиғи газ 3,2 млрд. текше м (ресурстардың жалпы көлемінің 67,7%-ы), 14,5 млн. тонна шикі мұнай (87,8%-ы), көмір және лигнит – 29,5 млн. тонна (99,8%-ы) өндірілді.

Мұнай өнімдерінің рыногы меншікті өндірістің өнімдерінен және жартылай импорттан құралады. Мазут ресурстарында отандық өндіріс үлесі 99,6%, сұйытылған пропан және бутанның – 88,5%, дизельдік отында – 87,3%, керосинде – 81,8%, бензинде – 66,9% құрады. Экспортқа сұйытылған пропан және бутанның – 100%, дизельдік отынның – 46%, мазуттың – 23,1%, бензиннің – 4,2%, керосиннің – 2,7%-ы жіберілді.

2008 жылғы қаңтар-наурыздағы мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерінің ресурстары мен экспорттың қалыптасу құрылымы

пайызбен




Азық-түлік тауарлары рыногында ұн (ресурстар көлемінің 99,9%-ы) және минералды сулар мен алкогольсіз сусындар (94,9%), жармалар (83,2%) ресурстары толық отандық өндіріспен қамтамасыз етіледі. Өндірілген ұнның жартысынан көбі экспортқа жіберіледі (56,7%), оның көлемі 2007 жылғы сәйкес кезеңмен салыстырғанда 13% азайды. Сүт өнімдерінің, макарон өнімдері, арақ, ликер-арақ және темекі өнімдерінің, сыра, қант, өсімдік майы ресурстарында отандық өндіріс үлесіне 68%-дан 96%-ға дейін келеді.

Кейбір азық-түлік тауарлары бойынша импорт өндірістен асып түседі. Импорт қайта өңделген жемістер мен жаңғақтар ресурстарында 92%, көкөніс және консервіленген саңырауқұлақта – 86,9%, консервіленген балықта – 77%, құс етінде – 69,1%, кофе және шай – 63,1% құрайды.

2008 жылғы қаңтар-наурыздағы азық-түлік тауарларының ресурстары мен экспорттың қалыптасу құрылымы

пайызбен




Азық-түлік емес тауарлар рыногы республикадағы өндіріспен қатар, басқа елдерден әкелінген тауарлармен қамтамасыз етіледі. 2008 жылғы қаңтар-наурыздағы кілем және кілем өнімдерінің импорты өндірістің айтарлықтай қысқаруына байланысты ресурстардың жалпы көлемінің 99,9%-ын, сабынсулар және шашқа арналған құралдар – 96,5%-ын құрады. Қырынуға арналған құралдар импортының жеткізілім үлесі – 99,4% және фармацевтикалық дәрі-дәрмектер импортының жеткізілім үлесі – 88,7% елеулі болды. Тұтыну нарығында тек импорт өндірісінің ауыз қуысы және тіс гигиенасы құралдары ұсынылған.

Электр тұрмыстық тауарлары ішінде ресурстардың жалпы көлемінен кір жуғыш машиналардың – 77,7%-ы, миксерлер және шырын сыққыштардың – 98,8%-ы, электр қозғалтқышы кіріктіре салынған өзге де тұрмыстық приборлардың – 99,4%-ы импортталды. Компьютерлік жабдық рыногында отандық өндіріс көлемінің өсуі де (1,4 есеге) байқалады, бұл ресурстардағы өндірістің 6,1% үлесін қамтамасыз етті. Теледидарлар рыногында өзгеше жағдай байқалады, олардың ресурстарында импорт үлесі 39,7% құрайды.

2008 жылғы қаңтар-наурыздағы азық-түлік емес тауарлардың құрылымы

пайызбен



Құрылыс материалдарының көп түрлері үшін ресурстардың толығы импорттық жеткізілімдер есебінен болды. Ағаш-жаңқалы тақталар, линолеумдар және еден жабындары толық, шыны талшықтарының – 98,5%-ы, қыш тақталар және тақтайшалардың – 97,8%-ы импортталады. Бояулар және лактар импорты ресурстар көлемінің 46,1%, қыш кірпіштер – 93,7%-ын құрайды. Отандық өндіріс үлесі табиғи шикізаттар болып табылатын – әк (ресурстардың жалпы көлемінің 94,5%-ы), асбест (98,9%), ғаныш (98,1%), табиғи құмдар (97,6%), бор және доломит (99,4%), саз балшық және каолин (99,5%) құрылыс материалдарында басым.

2008 жылғы қаңтар-наурызда 2007 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда цемент ресурстары отандық өндірістің – 17%, импорттың – 17,9% есебінен 17,3%-ға төмендеді. Отандық өндіріс үлесі ресурстардың жалпы көлемінде 75% құрады. Цемент дерлік толық ішкі рынокта тұтынылады (97,9%).


6. ИНВЕСТИЦИЯЛАР

НЕГІЗГІ КАПИТАЛҒА САЛЫНҒАН ИНВЕСТИЦИЯЛАР

2008 жылғы қаңтар-сәуірде негізгі капиталға салынған инвестициялардың көлемі бағалау есебімен 851,3 млрд. теңгені құрады, бұл 2007 жылғы сәйкес кезеңнен 14%-ға көп.

Негізгі капиталға салынған инвестициялардың нақты көлем индекстері

өткен жылғы тиісті айға %-бен




Негізгі капиталға салынған инвестициялардың артуы өткен жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда республиканың көптеген өңірінде белгіленді. Кәсіпорындарға жабдық сатып алуға, сондай-ақ түсті металл кендерін байыту бойынша цехтың және кірпіш зауыты құрылысына жұмсалған шығындардың артуынан Ақмола облысында (99,3%-ға) елеулі өсу байқалды. Батыс Қазақстан облысында өсім 55,6% құрады, мұнда магистралды газ құбырының құрылысы белсенді қарқынмен инвестицияланды. Кәсіпорындардың технологиялық жабдықтарды сатып алуға жұмсалған шығындарының өсуі есебінен Қарағанды облысындағы инвестициялар көлемі (49%-ға) өсті.

Бірқатар инвестициялық жобалардың аяқталуына байланысты Жамбыл облысында (1,5%-ға) және Қостанай облысында (3,1%-ға) инвестициялар көлемі шамалы қысқарды.

Өңірлер бойынша негізгі капиталға инвестициялар игеру қарқыны

өткен жылғы тиісті айға %-бен




Едәуір белсенді инвесторлар жеке меншік нысандардың шаруашылық жүргізуші субъектілері болды. Олармен негізгі капиталға салынған инвестициялардың 59,2%-ы игерілді. Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын басқа мемлекеттер кәсіпорындары мен ұйымдарының үлес салмағы 28,1% құрады. Мемлекеттік сектордың үлесіне – 12,7% келеді.

Инвестицияның технологиялық құрылымында 55,6%-ды ғимараттар мен үйлердің құрылысы мен күрделі жөндеу жұмыстары, 27,2% – машиналар, жабдықтар, құрал-саймандар, мұқаммал, 17,2% – өзге де күрделі жұмыстар мен шығындар құрады.

Пайдалану бағыттары бойынша негізгі капиталға салынған инвестициялар құрылымы

пайызбен




Инвестициялық тартымдылығы бойынша өнеркәсіп салым салу үшін басым салалары негізгі капиталға жұмсалған инвестициялардың жалпы көлемінің 44,6%-ы, соның ішінде мұнай және табиғи газ өндіру, осы салаларда қызмет көрсету – 28,3% және өңдеу өнеркәсібі – 8,1%, ал жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар, жалға алу және тұтынушыларға қызмет көрсету – 30,8% болып қалады.

2007 жылғы қаңтар-сәуірмен салыстырғанда ауыл шаруашылығына инвестициялық салымдар 22,7%, кен өндіруге – 8%, электр энергиясын, газ бен суды өндіру және бөлуге – 28,2%-ға өсті. Көлік пен байланыс саласына инвестициялар – 31,2%, жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар, жалға беру және тұтынушыларға қызмет көрсету – 8,7%-ға көп салынды. Өңдеу өнеркәсібіне (0,9%), құрылыс (1,9%), сауда, автомобильдерді, тұрмыстық бұйымдарды және жеке басқа пайдаланатын заттарға (11,2%) қаражат 2007 жылғы тиісті кезеңге қарағанда аз инвестицияланды.

Қаржыландыру көздері бойынша негізгі капиталға салынған инвестициялар құрылымы

инвестицияның жалпы көлеміне пайызбен



Жеке меншік қаражаттар негізінен кен өндіру өнеркәсібіне және жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар, жалға алу және тұтынушыларға қызмет көрсетуге (көрсетілген қаражат көздерінен тиісінше 41,2% және 20% инвестиция) бағытталған. Бюджет қаражаттарының ең көп бөлігі (29,2%) көлік пен байланыстың дамуына бөлінді. Қарыз қаражаттарының едәуір үлесі қызметтің «Жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар, жалға алу және тұтынушыларға қызмет көрсету» (72,4%) түрінде игерілді.

Шетел инвестицияларының көп бөлігі (58,9%) кен өндіру өнеркәсібін дамытуға бағытталды. Шетел инвесторлары үшін ең тартымды Атырау облысы болды, мұнда есепті кезеңде барлық шетелдік инвестицияның 65,4%-ы игерілді.

7. БАҒАЛАР

7.1 ТҰТЫНУ БАҒАЛАРЫ

Ағымдағы жылғы сәуірде **инфляция** 0,9% құрады, бұл өткен айға қарағанда 0,3 пайыздық тармаққа көп. Азық-түлік тауарлары 1%-ға қымбаттады, ал олардың инфляцияға «салымы» 0,4% құрады. Азық-түлік емес тауарлардың бағасы 0,8%, халыққа ақылы қызмет көрсетулер – 0,7%-ға өсті, бұл бағалардың жалпы өсіміне, тиісінше, 0,3% және 0,2% қосты.

Ағымдағы жылғы сәуірде нан мен жарма өнімдері бағасының тез өсуінің үрдісі жалғасты. Оларға баға – 2,3%-ға өсті, бұл ағымдағы жылғы наурызда 1,2% болды. Ең көп ұн – 3,7%, макарон өнімдері – 3,3%, тоқаш және ұннан дайындалатын кондитер өнімдері – 2,4%, нан бағасы – 1,9%, күріш – 0,7%-ға қымбаттады. Жармалар бағасы 1%-ға өсті, ал ұнтақ жармасы – 4,2%, арпа жармасы – 2,9%, сөк – 2,6%, сұлы жармасы – 1,8%-ға өсті.

Бағалардың өсім қарқынының ұлғаюы қантқа, ағымдағы жылғы наурызда 0,7%-дан сәуірде – 2,7%-ға дейін, тиісінше, ет және ет өнімдеріне – 0,1%-дан 0,7%-ға дейін байқалды. Жылқы еті – 1,2%, қой еті – 1,1%, сиыр еті – 0,9%, шошқа еті – 0,8%, шұжық өнімдері – 0,6%-ға қымбаттады. Құс еті 0,7%-ға арзандады.

Сүт және сүт өнімдерінің бағалар өсімі өткен ай ішінде 0,6% құрады. Бағалардың жоғарылауы ірімшік пен сүзбеге – 1,5%, қышқыл сүт өнімдеріне – 0,6%-ға, ал төмендеуі жаңа сауылған сүтке – 0,4%-ға байқалды. Жұмыртқа 0,6% (ағымдағы жылғы наурызда – 1,5%) арзандады.

Ағымдағы жылғы сәуірде май және тоң майларының бағасы 0,8%-ға өсті, өткен айда – 0,6%-ға төмендеді. Бұл күнбағыс майларының – 1,2%-ға қымбаттауынан (ағымдағы жылғы наурызда 1,3%-ға арзандауынан) болды. Маргарин бағасы – 0,6%, мал майы – 0,2%-ға өсті.


Азық-түлік емес тауарлар тобында өткен ай ішінде бағалардың елеулі жоғарылауы халыққа арналған энергия ресурстарына: дизель отынына – 6,5%, бензинге – 3%-ға тіркелді. Жуғыш және тазалағыш құралдарға бағалар өсімі 1,1%, киім және аяқ киімге, үйге қажетті заттарға және жеке бас гигиенасы тауарларына – 0,6%-дан, құрылыс материалдары мен баспа өнімдеріне – 0,5%-дан, дәрі-дәрмектерге – 0,4% құрады.

Қызмет көрсетулер саласында тұрғын үй-коммуналдық қызмет көрсетулердің бағалар мен тарифтері едәуір 0,5%-ға өсті (ағымдағы жылғы наурызда – бағалар индексі 100% құрады). Сұйытылған газ тарифтері – 3,1%, қоқыс жинау – 2,6%, тұрғын үйді ұстау – 1,5%-ға өсті.

Медициналық мекемелердің қызметтері 2%, жолаушылар көлігі – 1,4%, білім беру, мәдениет пен демалыс қызметтері – 0,4%-дан қымбаттады. Мейрамханалар мен қонақ үйлердің қызметтеріне баға деңгейі 2%, шаштараз қызметтері – 1,2%-ға өсті.

2005-2008 жылдардағы инфляция


өткен айға пайызбен, өсуі +, төмендеуі –



2008 жылғы сәуірде жаңа үйдің бір шаршы метрін сату бағасы республика бойынша орта есеппен 157,8 мың теңгені құрап, өткен аймен салыстырғанда 0,6%, көркейтілген тұрғын үйді қайта сату бағасы, тиісінше – 127,3 мың теңге болып, 2,8%-ға азайды.

2007-2008 жылдарда тұрғын үй рыногындағы бағалардың өзгеруі

өткен айға пайызбен, өсуі +, төмендеуі –



Жемістер мен көкөністерге, бензинге, көмірге баға өсуінің әсерін есепке алмай есептелген базалық инфляция ағымдағы жылғы сәуірде 0,9%, наурызда 0,4% құрады.

2008 жылғы Қазақстан Республикасындағы инфляция

пайызбен, өсуі +, төмендеуі –

	2008ж. сәуір			2008ж. қаңтар-сәуір 2007ж. қаңтар-сәуірге
	2008ж. наурызға	2007ж. желтоқсанға	2007ж. сәуірге	
Инфляция	0,9	3,4	19,1	18,8
Базалық инфляция	0,9	2,8	18,6	18,4
Ақшалай табысы ең төмен халықтың топтарына арналған бағалар мен тарифтердің өзгеруі	1,2	4,0	23,7	23,0
Ақшалай табысы ең жоғары халықтың топтарына арналған бағалар мен тарифтердің өзгеруі	0,8	3,5	17,3	17,2

2008 жылғы сәуірде 2007 жылғы желтоқсанға қарағанда негізгі тамақ өнімдерін тұтынудың ең төменгі нормаларынан есептелген орташа халықтың жан басына шаққандағы күнкөрістің ең төменгі деңгейінің шамасы 10,8%, өткен айға қарағанда – 1,3%-ға өсіп, 11927 теңгені (тағам өнімдері – 7157 теңге, азық-түлік емес тауарлар мен ақылы қызметтер – 4770 теңге) құрады. 2008 жылғы сәуірде оның құрылымында ет пен балықты сатып алуға жұмсалған шығыстардың үлесі 18,6%, сүт, май-тоң май өнімдері мен жұмыртқаны – 16,5%, жемістер мен көкөністерді – 13,8%, нан өнімдерін – 9,1%, қант, шай және дәмдеуіштерді сатып алуға жұмсалған шығыстардың үлесі – 2% құрады.

7.2 ЭКОНОМИКАНЫҢ НАҚТЫ СЕКТОРЫНДАҒЫ БАҒА

Өнеркәсіп өнімін өндіруші-кәсіпорындар бағалары, өндірістік сипаттағы қызметтер көрсетуді қоса ағымдағы жылғы сәуірде наурыз айымен салыстырғанда 4,5%, 2007ж. желтоқсанмен – 11,1%-ға өсті. Өндірілген өнім бір ай ішінде 4,6%, өндірістік сипаттағы қызмет көрсетулер – 1,3%-ға өсті. Түпкілікті мақсат бойынша сыныпталған өнімдер тобынан өндіріс құралдарының бағасы 0,6%, тұтыну тауарлары – 1,5%, аралық тұтыну өнімдері – 4,9%-ға көтерілді.

2008 жылғы Қазақстан Республикасында өнеркәсіп өнімін өндіруші кәсіпорындар бағаларының индексі

пайызбен, өсуі +, төмендеуі-

	2008ж. сәуір				2008ж. қаңтар-сәуір 2007ж. қаңтар-сәуірге
	2008ж. наурызға	2007ж. сәуірге	2007ж. желтоқсанға	2005ж. желтоқсанға	
Өнеркәсіп өнімдері, өндірістік сипаттағы қызмет көрсетулерді қоса	0,9	39,9	0,8	52,4	35,7
Өндірілген өнім	0,9	42,2	0,8	54,8	37,7
Өндіріс құралдары	6,0	33,0	12,5	47,7	30,3
Аралық тұтыну өнімдері	0,8	45,0	0,4	58,0	40,0
Тұтыну тауарлары	1,8	16,3	3,6	26,9	15,5
Өндірістік сипаттағы қызмет көрсетулер	0,9	7,8	1,2	19,0	7,4


Өнеркәсіп өнімін өндірушілер бағаларының базалық индексі (мұнай мен металл бағаларының өзгеруі есебінсіз) ағымдағы жылғы сәуірде наурыз айына қарағанда 103,9%, 2007 жылғы желтоқсанға – 109,8% құрады.

Өткен айда өнеркәсіптегі бағалар серпіні мұнайға олардың 4,9% өсуінің әсер етуімен қалыптасты, бұл өнеркәсіптегі жалпы баға деңгейіне 2,1% қосты. Газ конденсаты 8,2%, мұнай өңдеу өнімдері – 2,4%, электр энергиясы – 2,1% қымбаттады, ал жылу энергиясы 0,1%-ға арзандады. Энергия ресурстарының бағалар мен тарифтер деңгейі жалпы бір айда 5,4% көтерілді, бұл ағымдағы жылғы наурыздағыдан 0,9 пайыздық тармаққа төмен, кен өндіру өнеркәсібінде – 5,2%-ға, тиісінше 1,2 тармақ.

Қара металлургия өніміне бағаның 4,9%, түсті металлургия – 4,8% өсуі өнеркәсіптегі баға өсімі факторларының бірі болып отыр. Осы тауарлардың өнеркәсіптегі жалпы баға өсіміне салымы 0,7% құрады. Отандық өндірушілерде қара металдар илегі 8,5%, бағалы металдар – 7,7%, мыс – 6,9%-ға қымбаттады. Мырыш пен қорғасынға сыртқы сауда конъюнктурасының нашарлауы олардың республикада тиісінше 8,6% және 0,8%-ға арзандауына ықпал етті.

2007-2008жж. энергия ресурстарын өндіруші кәсіпорындар бағасының индексі

өткен айға пайызбен



Өткен айда мақтаның табиғи талшықтары өндірісіндегі шығындардың өсуінен тоқыма және тігін өнеркәсібінде баға өсімі 8,2%-ға тіркелді. Осы уақытта химия тауарларына баға 5,8%, қағаз бен қатырма қағазға – 0,6%-ға өсті.

Республикада өндірілген тамақ өнімдерінің бағасы ағымдағы жылғы сәуірде 2%-ға өсті. Аграрийлердегі астық бағасының өсуі макарон өнімдерінің 2,4%, бидай ұнының – 2,6% және нанның – 6,8%-ға қымбаттауына әкеп соқты. Бағаның өсуі өсімдік майына – 6,1%, сусындарға – 1,6%, мал етіне – 0,7%, кондитер өнімдеріне – 0,3%, олардың төмендеуі маргаринге – 0,8% әрі қарай жалғасып, тек қант, шай және күрішке олар бұрынғы деңгейде қалды.

Байқалған өндірістік сипаттағы қызметтерден өткен айда өңірлік электр стансаларымен электр энергиясын тасымалдау тарифтерінің 7,6%, машиналар мен жабдықтарды жөндеуде – 3,2%, мұнай және газ өндіруде – 1,6%-ға өсуі, ал газет басып шығаруда – 2%-ға төмендеуі тіркелді.

Өнеркәсіп кәсіпорындары технологиялық үдеріс үшін сатып алған өндіріс ресурстарына бағалар индексі ағымдағы жылғы сәуірде наурыз айына қарағанда 102,6% құрады. Алыс шетелден сатып алынған шикізат пен материалдар бағасы ай ішінде 4,4%, республикада – 2,8%, Достастық елдерінен – 1,1%-ға өсті.

Шетелге шығарылған тауарлардың бағасы ағымдағы жылғы ақпанда қаңтармен салыстырғанда 1,2%, 2007 жылғы желтоқсанмен – 4,2%-ға өсті. Достастық мемлекеттеріне шығарылған тауарлар бағасының ай ішінде 1,5%-ға төмендеуі, ал алыс шетелге – 1,8%-ға өсуі тіркелді. Түпкілікті мақсат бойынша сыныпталған, экспорттық өнім топтарындағы шикізаттар ағымдағы жылғы ақпанда қаңтарға қарағанда 0,7%, жартылай дайын фабрикалар – 3,6% қымбаттады, дайын тауарлар – 4%-ға арзандады. Республикадан шығарылған көмір бағасы 6%, мұнай өнімдері – 3,2%, газ конденсаты – 1,8%, мұнай – 1%-ға өсті, ал қара металл өнімдеріне – 3%, түсті металға – 1,8%-ға төмендеді. Мақта бағасының 1,6%, жүнге – 0,8% төмендеуімен бірге сүт өнімдерінің 15%, балық және көкөністердің – 9,4%-дан қымбаттауы есебінен ауыл шаруашылығы өнімінің экспорттық жеткізілім бағасы бір ай ішінде 1,1%-ға өсті.

Қазақстанға әкелінген өнімдер бағасының индексі ағымдағы жылғы ақпанда қаңтарға қарағанда 102,9%, 2007 жылғы желтоқсанға – 103,4% құрады. Достастық мемлекеттерінен әкелінген өнім бір ай ішінде 2,2%, әлемнің қалған елдерінен – 3,8%-ға қымбаттады. Осы уақыт ішінде елеулі баға өсімі импортталынатын темекіге 13%, аяқ киімге – 10,7%, ет өнімдеріне – 9,7%, қағазға – 7,4%, шарапқа – 6,1%-ға қалыптасты. Шұжық өнімдерінің бағасы, керісінше 5,4%, сүрек – 2,2%, кофе – 0,9%-ға төмендеді.

Ағымдағы жылғы сәуірде өткен аймен салыстырғанда **ауыл шаруашылығы өнімдерін өткізу бағасы** 2,2% өсті, өткен жылдың осы кезеңдегі олардың өзгеруінен 1,7 пайыздық тармаққа, өсімдік шаруашылығы, тиісінше 3,4%-ға және 2,5 пайыздық тармаққа асып түсті. Мал шаруашылығы өнімдері бағасының индексі – 100,6% (2007ж. сәуірде – 100%) құрады.

Ауыл шаруашылығы өнімдеріне бағалардың өзгеруі

пайызбен, өсуі +, төмендеуі-

	2008ж. сәуір				2008ж. қаңтар-сәуір 2007ж. қаңтар-сәуірге
	2008ж. наурызға	2007ж. сәуірге	2007ж. желтоқсанға	2005ж. желтоқсанға	
Ауыл шаруашылығы өнімдері	2,2	44,9	8,5	65,2	41,7
Өсімдік шаруашылығы өнімдері	3,4	62,0	10,2	87,3	57,2
Мал шаруашылығы өнімдері	0,6	22,8	6,2	37,2	21,2


Ағымдағы жылғы сәуірдегі 4,1%-ға дейін өсім қарқынының жоғарылауымен дәнді дақылдар рыногында бидай бағасының көтерілуі белгіленді, наурызда керісінше 1,9% болған. Баға арпаға – 2%, жүгері мен күрішке – 1,3%-дан, тарыға – 0,7%-ға қымбаттады, ал қара бидай, сұлы, қарақұмық бағасы өзгеріссіз қалды.

Ағымдағы жылғы сәуірде көкөніс өнімдерінің баға өсімі 1,9% құрады, бұл өткен айға қарағанда 1,5 пайыздық тармаққа төмен. Баға көшетжайда өсірілген қызанаққа – 12,3%, қиярға – 11,3%, сәбізге – 5,9%, қызылшаға – 2,3%, басты пиязға – 1,8%, қырыққабатқа – 0,9%-ға өсті. Бір айдың ішінде күнбағыс тұқымы – 2,1%, мақсары тұқымы – 1,7%, бұршақ – 1,6%, картоп – 0,9%-ға қымбаттады.

Ағымдағы жылғы сәуірде баға деңгейі құс етіне – 3,4%, жылқы – 2,4%, шошқа – 1,5%, қой – 0,9%, ірі қара мал етіне – 0,5%-ға өсті. Жұмыртқаны өткізу бағасының ағымдағы жылғы наурызда 0,5%-ға төмендеуінен сәуірде 0,4%-ға қымбаттады. Сүт 1,6%-ға арзандады.

2007-2008 жылдардағы ауыл шаруашылығы өнімдерінің жекелеген түрлеріне бағалардың өзгеруі


өткен айға пайызбен, өсуі+, төмендеуі-



Ағымдағы жылғы сәуірде наурызбен салыстырғанда **құрылыстағы баға индексі** 101,6%, 2007 жылғы желтоқсанмен – 102,5% құрады. Экономикалық қызметтің осы түріне бағаның өсуі технологиялық жабдықтардың өсуіне әкеп соқты. Бір ай ішінде ол 2,9%, ағымдағы жылғы қаңтар-сәуірде – 3,7%, ал құрылыс-монтаж жұмыстарына тиісінше – 1,4% және 2,3%-ға қымбаттады.

2007-2008 жылдардағы құрылыстағы баға индексі

өткен жылғы тиісті айға пайызбен



Ағымдағы жылғы сәуірде құрылыс ұйымдары сатып алған материалдар, бөлшектер және конструкциялар ішінен баға еденге арналған бетон тақталар 2,7%, олифке – 1,9%, әйнек табағына, бояулар, қара металдар – 0,6-0,7%, шамдар мен жарық беретін құрылғылар – 0,5%, құм, сүрек және олардан жасалған бұйымдар, құрылыс металл конструкциялары – 0,3-0,5%-ға өсті. Бағаның төмендеуі портландцементке 1,1%, ғанышқа – 0,8%, тауарлы бетонға – 0,6%-ға белгіленді.

Ағымдағы жылғы сәуірде наурызбен салыстырғанда **көліктің барлық түрлерімен жүк тасымалдау тарифтерінің индексі** – 109,9%, 2007ж. желтоқсанмен – 110,3% құрады.

Жүк тарифтерінің едәуір өсуі теміржол көлігі қызметтеріне тіркелді. Ағымдағы жылғы сәуірде темір жолмен ТМД елдеріне жүк жеткізу 21%, республика ішінде – 7,8%-ға қымбаттады. Автожол көлігі қызметі тарифтері – 1,1%, ал қала маңы қатынасына – 2,6%, республика ішінде – 0,7%, ТМД елдеріне – 0,9%-ға артты. Өуе көлігі, құбыр желісі және су көлігі түрлерімен жүк тасымалдау тарифтері өзгеріссіз қалды.

8. ҚАРЖЫ ЖҮЙЕСІ

8.1 МЕМЛЕКЕТТІК ҚАРЖЫ


Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджеті. ҚР Қаржы министрлігінің жедел деректері бойынша 2008 жылғы 1 сәуірге мемлекеттік бюджет табыстары 745,5 млрд. теңгені немесе орындалатын бюджетке қатысты 83,4% құрады. Шығындар бойынша бюджеттің орындалуы 663 млрд. теңгені құрады немесе есепті кезеңдегі жиынтық жоспарға – 89,4%-ды құрады. 2007 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда табыстар 26,3%-ға, ал шығындар 21,9%-ға өсті. Бюджет профициті (таза бюджеттік кредит беруді және қаржылық активтермен болатын операциялар бойынша сальдоны есепке алғанда) 23,2 млрд. теңге деңгейінде қалыптасты.

Мемлекеттік бюджет табыстарының құрылымында негізгі үлесті салықтық түсімдер (76,2%) алады. Бюджеттің негізгі қайнар көзі корпоративтік табыс салығы, қосылған құнға салық және әлеуметтік салық болып табылады.

Мемлекеттік бюджеттің салықтық түсімдерінің құрылымы

пайызбен


01.04.2008ж.



2008 жылғы қаңтар-наурызда мемлекеттік бюджет табыстарының құрылымында салықтық емес түсімдер – 2,7%, негізгі капиталды сатудан түскен түсімдер – 1,9%, трансферттердің түсімі – 19,2%-ды құрады.

Мемлекеттік бюджет табыстары (2007-2008жж. 1 сәуірдегі жағдай бойынша)


млрд. теңге



Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызмет көрсетулерге жұмсалған шығындар 2008 жылғы қаңтар-наурызда өткен жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда 3,4%-ға, білім беруге – 18,6%-ға және денсаулық сақтауға – 22,2%-ға артты.

**Мемлекеттік бюджет шығындары
(2007-2008жж. 1 сәуірдегі жағдай бойынша)**

млрд. теңге



2008 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша Республикалық бюджетке түскен табытар 588,3 млрд. теңгені құрады. Шығындар 565,5 млрд. теңге сомада өндірілді. Бюджет дефициті 17,2 млрд. теңге деңгейінде белгіленді. Өткен жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда табыстар 29%, ал шығындар 19,9%-ға артты.

Республикалық бюджет табыстарының 67,8% – салықтар, 3,1% – салықтан тыс түсімдер, 29,1%-ын трансферттер түсімдері құрады.

Республикалық бюджет шығындарында әлеуметтік көмекке және әлеуметтік қамсыздандыруға – 24,2%, жалпы сипаттағы мемлекеттік қызмет көрсетулерге – 16,8%, көлік және коммуникацияға – 11%, білім беруге – 6,1%, мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістікке – 3,6% және денсаулық сақтауға – 2,8% келеді.

Жергілікті бюджетке түскен табыстар 409,2 млрд. теңгені, шығындар 349,6 млрд. теңгені құрады. 2007 жылғы осы кезеңмен салыстырғанда табыстар 28,8%, шығындар – 37,3%-ға өсті. Бюджет профициті 46,5 млрд. теңге деңгейінде қалыптасты.

8.2 АҚША-КРЕДИТ ЖҮЙЕСІ

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің деректері бойынша 2008 жылғы наурыздың соңына ақша базасы (резервтік ақшалар) 1578,9 млрд. теңге (2007 жылғы наурыздың соңына – 1584 млрд. теңге) сомасында анықталды және ағымдағы жылғы ақпанмен салыстырғанда 0,04%-ға төмендеді. Ақша базасының құрамында Қазақстанның Ұлттық Банкінен (ҚҰБ) тыс қолма-қол ақшалар және екінші деңгейдегі банктердің және Қазақстан Ұлттық Банкідегі басқа ұйымдардың депозиттері тиісінше 809,2 млрд. теңге мен 769,7 млрд. теңгені (2007 жылғы тиісті кезеңде тиісінше – 739,5 млрд. теңге және 844,5 млрд. теңге) құрады.


Айналымдағы қолма-қол ақша (M0) 2008 жылғы наурыздың соңына 2008 жылғы ақпанмен салыстырғанда 1,8%-ға өсті және 696,4 млрд. теңгені құрады.

Ақша базасы (M3) ағымдағы жылғы наурыздың соңына өткен аймен салыстырғанда 3,5%-ға өсті және 4815,2 млрд. теңгені (2007 жылғы наурыздың соңына – 3935,7 млрд. теңге) құрады.

Екінші деңгейдегі банктердегі резиденттер депозиттерінің жалпы көлемі 2008 жылғы наурыздың соңына 4118,8 млрд. теңге сомасында (2007 жылғы наурыздың соңына – 3283,5 млрд. теңге) белгіленді. Ұлттық валютадағы депозиттер өткен аймен салыстырғанда 3,6%-ға өсіп, 2699 млрд. теңгені, шетел валютасындағы депозиттер 4,2%-ға өсіп, 1419,8 млрд. теңгені құрады. 2008 жылғы наурызда жеке тұлғалар депозиттері 1479,8 млрд. теңгені (2007 жылғы тиісті кезеңде – 1167,6 млрд. теңге) құрады, бұл депозиттердің жалпы сомасының 35,9%-ын алады.

2007-2008жж. ұлттық және шетел валютасындағы депозиттер


кезең соңына, млрд. теңге



Ағымдағы жылғы наурыздың соңына екінші деңгейдегі банктер кредиттері 7255,8 млрд. теңгені (2007 жылғы тиісті кезеңде – 5272,4 млрд. теңге) құрады және бір айда 0,2%-ға өсті. Аталған кезеңде 2008 жылғы ақпанмен салыстырғанда банктік емес заңды тұлғаларға берілген кредиттер сомасы 0,6%-ға өсіп, 4725,9 млрд. теңге, жеке тұлғаларға тиісінше – 0,5%-ға азайып және 2529,9 млрд. теңгені құрады.

2007ж. және 2008ж. наурыздағы екінші деңгейдегі банктер кредиттерінің салалық құрылымы

кезең соңына, пайызбен



1 – өнеркәсіп; 2 – ауыл шаруашылығы; 3 – құрылыс; 4 – көлік; 5 – байланыс; 6 – сауда; 7 – өзге де

2008 жылғы наурыздың соңына ұзақ мерзімді кредиттер сомасы (бір жылдан астам) 5859,8 млрд. теңгені (2007 жылғы наурыздың соңына – 4023,7 млрд. теңге) құрады және ағымдағы жылғы өйткен аймен салыстырғанда 0,4%-ға өсті. Кредиттер құрылымында олар ең үлкен үлесті – 80,8% (2007 жылғы тиісті кезеңде – 76,3%) құрады.


Кредиттеу объектілері бойынша ең үлкен үлесті айналым қаражаттарын сатып алуға берілген кредиттер – 25,2% (1825,4 млрд. теңге), ең аз үлесті құнды қағаздарды сатып алуға берілген кредиттер – 1,6% (118 млрд. теңге) алады. Азаматтардың тұтынушылық мақсаттарына берілген кредиттер – 17% (1234,9 млрд. теңге), жаңа құрылыс және қайта құруға – 12,8% (926,8 млрд. теңге), негізгі қорларды сатып алуға – 11,5% (831 млрд. теңге), азаматтарға тұрғын үйлерді салу және сатып алуға – 11,2% (816,1 млрд. теңге), басқа мақсаттарға – 20,7% (1503,6 млрд. теңге) құрады.

2008 жылғы наурыздың соңына екінші деңгейдегі банктердің шағын кәсіпкерлік субъектілеріне берілген кредиттері 1488,4 млрд. теңгені құрады, бұл өткен айға қарағанда 0,6%-ға көп. Бұл жалпы берілген кредиттердің 20,5%-ын (2007 жылғы тиісті кезеңде – 19,3%) құрайды.

ҚР Ұлттық Банкінің деректері бойынша ағымдағы жылғы наурызда жеке тұлғаларға шетел валютасын айырбастау пункттерімен сату көлемі оны сатып алу көлемінен: еуро бойынша – 2,3 есеге, АҚШ доллары бойынша – 1,9 есеге, ресей рублі бойынша – 1,5 есеге асып түсті. Жеке тұлғаларға шетел валютасын сату көлемі өткен аймен салыстырғанда АҚШ доллары бойынша – 5,9%, еуро бойынша – 10,8%-ға өсті, ал ресей рублі бойынша – 1,7%-ға азайды.

2007-2008жж. АҚШ доллары және еуроньң ресми айырбастау бағамдары

кезең соңына, валюта бірлігіне теңгемен



ҚР Ұлттық Банкінің қайта қаржыландыруының ресми мөлшерлемесі 2007 жылғы 1 желтоқсанныан бастап 2%-ға өсіп, жылдық 11% деңгейінде белгіленді.

9. ЕҢБЕК РЫНОГЫ ЖӘНЕ ЕҢБЕКАҚЫ ТӨЛЕУ

9.1 ЖАЛДАНЫП ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫЛУ

2008 жылғы сәуірде (бағалау бойынша) жалдамалы қызметкерлер саны 5 млн. адамды құрады, бұл өткен жылғы тиісті айдағыдан 222,2 мың адамға (4,6%-ға) көп.

2007-2008 жылдарда Қазақстан Республикасындағы жалдамалы қызметкерлер

	2007ж.				2008ж.
	I тоқсан	II тоқсан	III тоқсан	IV тоқсан	I тоқсан
Жалдамалы қызметкерлер саны, мың адам	4896,2	4953,4	5009,7	5035,8	5138,3
Жұмыспен қамтылғандар санындағы үлесі,%	65,4	64,8	64,9	65,6	66,2

2008 жылғы бірінші тоқсанда мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда 4,1 млн. адам (барлық жалданып жұмыс істейтіндердің 80,7%-ы), жеке тұлғаларда – 0,6 млн. (12%-ы), шаруа (фермер) қожалықтарында – 0,4 млн. адам (7,3%-ы) жұмыс істеді.


Ірі және орта кәсіпорындарда ағымдағы жылғы бірінші тоқсанда 2,9 млн. адам жұмыс істеді, бұл жалдамалы қызметкерлердің жалпы санының 56,9%-ы. Ол өткен жылғы тиісті тоқсанға қарағанда 125 мың адамға (4,5%-ға) көп. Көрсетілген кезеңде жалдамалы қызметкерлер саны білім беруде – 22,3 мың адамға (4%-ға), саудада – 21,1 мың адамға (22,4%-ға), денсаулық сақтау саласында – 14,2 мың адамға (5,6%-ға), көлік және байланысқа – 13,6 мың адамға (5,2%-ға), қаржы саласында – 12,8 мың адамға (21,8%-ға), өнеркәсіпте – 12,2 мың адамға (1,7%-ға) өсті.

2008 жылғы наурыздың соңына ірі және орта кәсіпорындарда 27,8 мың бос жұмыс орны болды (тізімдік санға 0,9%), бұл өткен айға қарағанда 1007 бірлікке (3,5%-ға) аз. Ең көп бос жұмыс орнының саны өнеркәсіп кәсіпорындарында – 6989 бірлік (олардың жалпы санының 25,1%-ы), мемлекеттік басқару ұйымдарында – 6152 бірлік (22,1%-ы), денсаулық сақтау саласында – 3358 бірлік (12%-ы), жылжымайтын мүлікпен жасалатын операцияларды жүзеге асыру саласында – 2571 бірлік (9,2%-ы), көлік және байланыста – 2514 бірлік (9%-ы) құрады.

Ағымдағы жылғы бірінші тоқсанда ірі және орта кәсіпорындарда 222,2 мың адам жұмысқа қабылданды, бұл жұмысшылардың жалпы санына 7,6%, олардан 13,1 мың адам немесе 5,9%-ы – қайта құрылған жұмыс орындарына алынды. Өнеркәсіп кәсіпорындарына 57,3 мың адам жұмысқа орналасты, олардан қайта құрылған жұмыс орындарына – 3,1 мың адам (жұмысқа қабылданғандар санының 5,5%-ы), құрылысқа – тиісінше, 32,8 мың және 2,7 мың адам (8,2%), жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар саласына – 21,4 мың және 2 мың адам (9,4%), білім беру саласына – 19,9 мың және 0,5 мың адам (2,7%), көлік және байланысқа – 19,6 мың және 0,8 мың адам (4%).

Түрлі себептерге байланысты 2008 жылғы бірінші тоқсанда 213,9 мың адам, оның ішінде тұрақтамаушылық себептері бойынша – 175,2 мың адам (81,9%) жұмыстан шықты. Тұрақтамаушылық коэффициенті – 6,0% құрады. Жұмыстан шыққан қызметкерлердің үлесі өнеркәсіпте олардың жалпы санының 24,8%-ын, құрылыста – 18%, жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар саласында – 9,5%, көлік және байланыста – 8,3%, білім беру саласында – 7% құрады.

2007-2008 жылдарда ірі және орта кәсіпорындардағы жұмысшылар санының қозғалысы




9.2 ЖҰМЫССЫЗДЫҚ ЖӘНЕ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ

2008 жылғы сәуірде (бағалау бойынша) 15 және одан асқан жастағы экономикалық тұрғыдан белсенді халық саны 8,4 млн. адамды, экономикада жұмыспен қамтылғандар саны – 7,9 млн. адамды, жұмыссыздар (табысты жұмысы болмаған, оны белсенді іздеген және оған кірісуге дайын болған адамдар) – 570,2 мың адамды құрады. Жұмыссыздық деңгейі – 6,8% болып қалыптасты.

2008 жылғы бірінші тоқсанда республика экономикасында 7,8 млн. адам жұмыспен қамтылды, бұл 15 және одан асқан жастағы адамдар санының 65,7%-ы. Бұл 2007 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда 271,9 мың адамға немесе 3,6%-ға көп. Жұмыспен қамтылған халық ішінде қалалық жерде 4 млн. адам еңбек етті немесе 51,6%, ауылдық жерде, тиісінше – 3,8 млн. адам немесе 48,4%. Жұмыспен қамтылғандардың жалпы санының 51,3%-ын ерлер, 48,7%-ын – әйелдер құрайды.

Ағымдағы жылғы бірінші тоқсанда жалдамалы қызметкерлердің саны 5,1 млн. адамды құрады, бұл 2007 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда 242,1 мың адамға (4,9%-ға) көп. Өз бетінше жұмыспен қамтылғандар саны – тиісінше, 2,6 млн. адам немесе 29,8 мың адамға (1,1%-ға) көбейді. Жалдамалы қызметкерлердің көп бөлігі қалалық жерде – олардың жалпы санының 63,7%-ы (3,3 млн. адам) жұмыспен қамтылды. Ауылда жұмыспен қамтылғандар ішінен өз бетінше жұмыспен қамтылған қызметкерлер – 50,3% (1,9 млн. адам) құрайды.

2007-2008 жылдардағы бойынша жұмыспен қамтылған халықтың жұмыспен қамтылу статусы құрылымы



Бірінші тоқсанда жұмыссыздар саны 573,8 мың адамды құрап, өткен жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда 50,2 мың адамға немесе 8%-ға азайды. Жұмыссыздық деңгейі 6,9% (2007ж. бірінші тоқсанда – 7,7%) болды. Жұмыссыздардың жалпы санынан қалалық жерде – 327 мың адам (жұмыссыздық деңгейі – 7,5%), ауылдық жерде – 246,8 мың адам (6,2%) тіркелді.

Жұмыссыздардың жалпы санында жұмыссыз әйелдердің саны басым болып сақталуда – 342,3 мың адам (59,6%), бұл еркектер санынан 110,7 мың адамға көп. Жас құрылымы бойынша жұмыссыздар арасында ең көп үлесті 25-39 жастағылар – 44,4% (254,8 мың адам), 40-54 жастағылар – 27,2% (156,3 мың адам), 15-24 жастағы жастар – 19% (108,8 мың адам) алды. Жастар жұмыссыздығының деңгейі – 8,1% (2007 жылғы бірінші тоқсанда – 11,0%) болып қалыптасты. Жұмыссыздар ішінен жоғары білімі барлары – олардың жалпы санының 22,4%-ын, орта кәсіптік (арнайы) білімі барлар – 22,2%, бастауыш кәсіптік білімі барлар – 10%, жалпы орта білімі барлар – 38,7% құрады.


Бір жылдан астам уақыт бойы жұмыссыз болған адамдар санының азаюы байқалды: ағымдағы жылғы бірінші тоқсанда олар 154 мың адамды құрады, бұл жалпы санының – 28,6%-ы (2007 жылғы бірінші тоқсанда, тиісінше – 170,9 мың және 28,8%). Ұзақ мерзімді жұмыссыздық деңгейі 2,9% болды, бұл өткен жылғы тиісті кезеңге қарағанда 0,6 пайыздық тармаққа төмен.

2008 жылғы сәуірдің соңында жұмыссыздар ретінде тіркелген адамдар саны (Қазақстан Республикасы Еңбек және халықтың әлеуметтік қорғау деректері бойынша) 69,4 мың адамды құрады, бұл өткен жылғы тиісті кезеңдегіден 12,3 мың адамға немесе 15,1%-ға аз. Тіркелген жұмыссыздар санында айтарлықтай бөлігін – 66,8% (46,4 мың адам) – әйелдер, 51,4%-ын – ауыл тұрғындары (35,7 мың адам) құрайды. Экономикалық тұрғыдан белсенді халық санындағы тіркелген жұмыссыздардың үлесі 0,8% (2007 жылғы сәуірде – 1,0%) болды.

9.3 ЕҢБЕКАҚЫ ТӨЛЕУ

2008 жылғы наурызда бір қызметкердің орташа айлық атаулы жалақысы 58599 теңгені құрап, өткен жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда 15,1%-ға, қаңтар-наурызда, тиісінше – 55422 теңге және 17,2%-ға өсті. Нақты көріністе осы кезеңдердегі төмендеу, тиісінше – 3% және 1,3% құрады.

2007-2008 жылдары Қазақстан Республикасындағы еңбекақы




Жалдамалы қызметкерлердің еңбекақысының көбеюі экономикалық қызметтің барлық түрлерінде байқалды. 2008 жылғы наурызда 2007 жылғы тиісті айға қарағанда ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің жалақысы 29,3%, саудада – 23%, өнеркәсіпте – 21,5%, қаржы қызметінде – 20,3%-ға өсті.

2008 жылғы наурызда қаржы саласындағы қызметкерлердің жалақысы 135,8 мың теңгені құрады, бұл ел бойынша орташа жалақыдан 2,3 есе жоғары, жылжымайтын мүлікпен операцияларды жүзеге асыру саласында, кен өндіру өнеркәсібінде – 89,4 мың теңгеден 105,3 мың теңгеге дейін (1,5-1,8 есе), көлік және байланыста – 83,8 мың теңге (1,4 есе). Ең төменгі жалақы ауыл шаруашылығы қызметкерлерінде – 24126 теңге (бұл республика бойынша орташа жалақыдан 58,8%-ға төмен), білім беруде – 33339 теңге (43,1%), денсаулық сақтауда және әлеуметтік қызмет көрсетуде – 35159 теңге (40%) болып қалыптасты.

Өнеркәсіптегі еңбекақы 2008 жылғы қаңтар-наурызда 66816 теңгені құрап, 2007 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда 23,1%-ға өсті. Өнеркәсіп салалары ішінде ең жоғары жалақы алатын шикі мұнай және табиғи газ өндірумен айналысатын қызметкерлер, мұндағы жалақы 147,1 мың теңге және темекі өндірісінде – 181,4 мың теңге құрады, бұл сала бойынша орташа жалақыдан 2,2 – 2,7 есе көп.

2008 жылғы қаңтар-наурызда ерлердің орташа жалақысы 66322 теңгені құрады немесе әйелдердің жалақысынан (43616 теңге) 1,5 есе жоғары. Мейрамхана-қонақ үй бизнесіндегі бұл алшақтық 1,7 есені, қаржы қызметінде және өнеркәсіпте – 1,5 есені, саудада және мемлекеттік басқаруда – 1,3 есені құрады.

2008 жылғы қаңтар-наурызда ерлер мен әйелдердің экономикалық қызметтің жекелеген түрлері бойынша жалақысы



10. ХАЛЫҚ ТАБЫСЫ


2008 жылғы наурызда халықтың жан басына шаққандағы атаулы ақшалай табысы 29409 теңгені құрады, бұл 2007 жылғы наурызбен салыстырғанда 21,7%-ға жоғары, нақты ақшалай табыс көрсетілген кезеңде 2,5%-ға артты.

2007 жылы еңбек қызметінен түскен табыс үлесі халықтың ақшалай табысының жалпы салмағында 81,6% құрады (2006 жылы аз – 79,7%). Әсіресе, Маңғыстау мен Атырау облыстарындағы үй шаруашылықтарының еңбек қызметінен түскен табыстары едәуір – тиісінше, 91,6% және 90,7%.

Тұтынуға жұмсалған табыстары ең төменгі күнкөріс деңгейі шамасынан төмен халық үлесі 2007 жылы өткен жылмен салыстырғанда 12,7%-ға дейін төмендеген (2006 жылы ол 18,2% құраған), ал азық-түлік қоржынының құнына қатысты – 1,4%-ға дейін (2,7%). Қалалық жердегі кедей халықтың үлесі өткен жылмен салыстырғанда 13,6%-дан 6,9%-ға дейін, ауылдық жерде – 24,4%-дан 18,1%-ға төмендеген. Кедейлік бұрынғыдай ауылдық жерде көбірек таралған, бұл қала және ауыл халқы табыстарының деңгейіндегі айырмашылық салдары болып табылады.

2008 жылғы наурыздағы халықтың атаулы және нақты ақшалай табыстары (бағалау)

өткен жылғы тиісті айға пайызбен



11. ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ПРОЦЕСТЕР ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК САЛА


11.1 ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ АХУАЛ

Ағымдағы жылғы 1 сәуірге еліміздегі халық саны ағымдағы деректер бойынша 15620,6 мың адамды құрады, оның ішінде қалалық – 8305,0 мың (53,2%) және ауылдық – 7315,6 мың (46,8%) адам. Жыл басымен салыстырғанда 49,1 мың адамға немесе 0,3%-ға өсті. Осы кезең ішінде халық санының өсуі Ақмола, Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстарынан басқа барлық өңірлерде байқалды.

Ағымдағы жылғы қаңтар-наурызда республика халқының табиғи өсімі 44728 адам құрады (34770 адам – осы жерде және бұдан әрі жақшаларда 2007 жылғы қаңтар-наурыздағы көрсеткіштер келтірілген). Ағымдағы жылғы 1 сәуірде 1000 тұрғынға шаққандағы табиғи өсімнің жалпы коэффициенті 10,8 (9,6) адам құрады.

2007 және 2008 жылдардың айлары бойынша халықтың жалпы, табиғи және көші-қоны өсімінің өзгеруі

адам



Ағымдағы жылғы қаңтар-наурызда АХАЖ органдары 86927 (77801) туу тіркеді, бұл өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 9126 сәбиге артық. Қалалық елді мекендер мен ауылдық жерлерде туылғандар саны өткен жылдың сәйкесті кезеңімен салыстырғанда тиісінше 10,1% және 13,6% өсіп, 46454 және 40473 тууды құрады. Осы кезең ішінде 44612 ұл және 42315 қыз туылған немесе 100 қызға 105 ұл. 2007 жылғы қаңтар-наурызбен салыстырғанда ұлдар 11,2%, қыздар 12,3% артық туылған. Туудың жалпы коэффициенті 1000 тұрғынға шаққанда 21,0 (20,0) туғандарды құрады. Еліміздің өңірлері бойынша туудың деңгейі 1000 тұрғынға шаққанда 12,7-ден 30,3-ға дейін туғандар аралығында.

Осы кезең ішінде еліміз бойынша тіркелген өлім саны 42199 (43031) адамды құрады, соның ішінде қалалық елді мекендерде – 24556 (25091) және ауылдық жерлерде – 17643 (17940). Осы кезең ішінде 23439 еркек және 18760 әйел өлген, немесе 1000 әйелге 1249 еркек. Еңбекке қабілетті жастағы адамдардың үлесі жалпы өлгендер санының 38,1%-ын құрады. Еркектер арасындағы өлімнің жартысынан астамы еңбекке қабілетті жасқа келеді. Еңбекке қабілетті жастағы еркектер өлімі осы жас санатындағы әйелдер өлімінен 3 есе артық. Өлімнің жалпы коэффициенті 1000 тұрғынға шаққанда 10,2 (10,4) өлгендерді құрады. Ол еліміздің өңірлері бойынша 1000 адамға шаққанда 6,0 -14,1 өлгендер аралығында.

Халық өлімі себептерінің негізгі топтарының арасында ең көп үлес салмағын, әдеттегідей, қан айналымы жүйесі аурулары алады, олардың үлесіне барлық тіркелген өлім оқиғаларының 52,7%-ы (54,1%) тиесілі,

жазатайым оқиғалардан, улану мен жарақаттану – 12,0% (12,7%), жаңа өскіндер – 11,0% (10,9%) құрады. Қан айналымы жүйесі ауруларынан өлгендердің жалпы санында жүректің ишемиялық аурулары мен ми қан тамырларының зақымдануынан өлгендер санының үлес салмағы едәуір – тиісінше 46,7% (45,7%) және 24,1% (23,5%). 2007 жылғы қаңтар-наурызбен салыстырғанда кісі өлтіру және өзін-өзі өлтіргендер саны тиісінше 11,2% және 4,1%-ға азайды, сондай-ақ жол-көлік оқиғаларынан өлгендер саны 7,3%-ға азайды.

Осы кезең ішінде елімізде 1 жасқа дейінгі 1859 (1141) бала өлімі тіркелді. Нәрестелер өлімінің коэффициенті 1000 туғанға шаққанда 16,3 өлгендерді құрады. Еліміздің өңірлері бойынша нәрестелер өлімінің деңгейі 1000 тұрғынға шаққанда 10,7-ден 21,9-ға дейін 1 жасқа дейінгі балалар өлімі аралығында.

Нәрестелер өлімінің ең көп тараған себептері перинаталдық кезеңде пайда болатын жағдайлар, одан ағымдағы жылғы қаңтар-наурызда 1030 (567) нәресте өлген немесе 1 жасқа дейінгі барлық өлгендердің жалпы санының 55,4%-ы (49,7%).

Ағымдағы жылғы қаңтар-наурызда өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда некелер мен ажырасулар саны азайды және тиісінше 26956 (28277) және 8123 (8873) құрады. Неке мен ажырасудың жалпы коэффициенті 1000 тұрғынға шаққанда 9,3 (9,1) некені және 2,3 (2,4) ажырасуды құрады.

Ағымдағы жылғы қаңтар-наурызда халық көші-қонының оң айырмасы 4381 (5957) адам құрады, оның ішінде ТМД елдерімен – 1933 (4157) адам. Осы кезең ішінде республикаға 10525 (12453) адам келді, ал одан тысқары – 6144 (6496) адам кетті.

Ағымдағы жылғы қаңтар-наурызда 2007 жылғы қаңтар-наурызбен салыстырғанда Қазақстанға келгендер мен Қазақстаннан кеткендер саны тиісінше 1928 адам мен 352 адамға немесе 15,5% бен 5,4%-ға азайды. Еліміздің негізгі көші-қон алмасуы Достастық мемлекеттерімен болуда. Республикаға келгендердің жалпы санында 73,2% (80,7%), бұрынғыдай, ТМД елдерінің тұрғындары. Республикадан ТМД елдеріне жалпы кеткендер санының 93,9%-ы (90,7%) кетеді.

Көбінесе Өзбекстан, Ресей және Қытайдан келеді, олардың үлесі республикаға келгендердің жалпы санының, тиісінше, 35,6%, 25,1% және 16,6%-ы, ал негізінен Ресей Федерациясы мен Германияға кетеді – республикадан кеткендердің жалпы санының, тиісінше, 90,0% және 3,2% шамасында.

Қазақстанға шетелден келетін көшіп-қонушылардың негізгі бөлігі Шығыс Қазақстан, Маңғыстау, Оңтүстік Қазақстан және Алматы облыстарына қоныстанады, ал Қазақстаннан тысқары негізінен Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан және Қостанай облыстарынан қоныс аударады.

Келгендер мен кеткендер санындағы еңбекке қабілетті жастағылардың үлесі 72,7% және 76,8% құрады. Жалпы ел бойынша еңбекке қабілетті жастағы кеткен 1000 көшіп-қонушыларға осы жас санатындағы 1620 келген көшіп-қонушылар келеді.

Республикаға келгендердің көші-қон ағымы құрылымындағы этностық сипаты бойынша айтарлықтай бөлікті қазақтар алады, олардың үлесіне 70,8% (76,2%) келеді, орыстар 16,6% (13,6%), немістер 1,3% (0,9%). Қазақстаннан тыс кеткен көшіп-қонушылардың жалпы санының үлесінде 70,1% (66,6%) орыстарға, 6,1% (7,3%) – қазақтарға, 5,7% (7,2%) – немістерге келеді.

Ел ішіндегі қоныс аударатын көшіп-қонушылар саны 79631 адам құрады, бұл 2007 жылғы қаңтар-наурызға қарағанда 10552 адамға немесе 15,3% көп. Оның ішінде 34647 (29806) адам немесе 43,5% (43,1%) – халықтың өңіраралық көші-қонына келеді.

Өңіраралық қоныс аударуда халық көші-қонының оң айырмасы елдің 5 өңірінде байқалды, оның ішінде шамасы бойынша ең көбі Алматы және Астана қалаларында – тиісінше 5321 (4795) және 5094 (3541) адам. Ағымдағы жылғы қаңтар-наурызда ең көп келгендер Алматы қаласында (10,0 мыңға жуық адам), Астана қаласында (6,8 мың) және Алматы облысында (4,1 мың адам) тіркелген.


11.2 ХАЛЫҚТЫҢ АУРУ-СЫРҚАУЛЫҒЫ

Республикалық СЭС-тің деректері бойынша 2008 жылғы қаңтар-наурызда 2007 жылғы қаңтар-наурызбен салыстырғанда аш ішектің қабынуымен (2,5 есеге), қызамықпен (1,9 есе), алғашқы рет анықталған созылмалы вирустық гепатитпен (18,8%-ға), ішектің өзге бактериялық жұқпасымен (11,8%), алғашқы рет бруцеллез диагнозы қойылған (7%), ішектің өткір жұқпасымен (3,8%) ауырғандар санының өскені байқалды. ЖҚТБ-мен ауырғандар саны 35 оқиғаны құрады; 578 АҚТҚ жұқпасын тасымалдаушылар (өткен жылғы сәйкес кезеңде – 505) анықталды.

Ағымдағы жылдың қарастырылып отырған кезеңінде тіркелген жұқпалы аурулардың арасында аса кең тарағаны жоғары тыныс жолдарының өткір жұқпасы (100 мың адамға шаққанда 13862,2 оқиға), ішектің өткір жұқпасы (82,7), тыныс органдарының туберкулезі (103,9), вирустық гепатит (79,2), мерез (44,1), битшеңдік (26,6) және қышыма (21,1) болды.

2007-2008жж. қаңтар-наурыздағы ең көп таралған ауру-сырқауға шалдығу оқиғаларының тіркелген саны

бірлік



14 жасқа дейінгі балалар арасында 2008 жылғы қаңтар-наурызда аш ішектің қабынуымен (2,4 есеге), қызамықпен (1,9 есе), ішектің өзге бактериялық жұқпасымен (14,1%-ға), ішектің өткір жұқпасымен (7,4%) ауырғандар саны көбейген. 12 АҚТҚ жұқпасын тасымалдаушы (2007 жылғы қаңтар-наурызда – 26) анықталды.

2008 жылғы наурызда 2007 жылғы наурызбен салыстырғанда қызамықпен (2,6 есеге), аш ішектің қабынуымен (2,2 есе), эндемиялық паротитпен (1,3 есе), алғашқы рет анықталған созылмалы вирустық гепатитпен (1,2 есе), жоғары тыныс жолдарының өткір жұқпаларымен (37,4%-ға) ауырғандар саны өскен. 200 АҚТҚ жұқпасын тасымалдаушылар (2007 жылғы наурызда – 197) анықталды. Ауылдық жерлерде осы ай ішінде қызамықпен (11,3 есеге), эндемиялық паротитпен (2,8 есе), аш ішектің қабынуымен (2,8 есе), алғашқы рет анықталған созылмалы вирустық гепатитпен (1,6 есе), жоғары тыныс жолдарының өткір жұқпаларымен (40,2%-ға), ішектің өзге бактериялық жұқпасымен (5,8%) ауырғандар саны өскен. Анықталған АҚТҚ жұқпасын тасымалдаушылардың саны 41 оқиғаны (2007 жылғы наурызда – 55) құрады.

11.3 ҚЫЛМЫСТЫЛЫҚ

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің деректері бойынша республика аумағында 2008 жылғы қаңтар-наурызда тіркелген қылмыстардың саны 2007 жылғы қаңтар-наурызбен салыстырғанда 1,5%-ға көбейіп, 32,9 мыңды құрады, олардың 27,5%-ы әйелдерге, 4,8%-ы – кәмелетке толмағандарға келеді. Тұтастай республика бойынша халықтың 10 мың адамына шаққандағы тіркелген қылмыстардың саны 85 оқиғаны құрады (өткен жылғы тиісті кезеңдегі деңгейде)


Қылмыстылық құрылымында ең жоғары үлес салмағы меншікке қарсы қылмыстарға (66,0%) келеді. Олардың ішінде едәуір бөлігі бөтен адамның мүлкін ұрлауға (40,9%) тиесілі болып отыр, ол 2007 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда 3,6%-ға көбейген.

Халықтың денсаулығы мен адамгершілікке қарсы жасалған қылмыстар шамалы (0,3%) азайып, оның үлесі 8,8% құрады. Бұл топта ең жоғары үлес (8,5%) есірткіге байланысты жасалған қылмыстарға келеді, олардың саны 0,2%-ға көбейген. Есірткі құралдарын немесе психотроптық заттарды өткізу мақсатында заңсыз әзірлеуге, сатып алуға, сақтауға, тасымалдау мен жіберуге, оларды тұтынуға бейімдеуге, есірткі құралдарын немесе психотроптық заттарды тұтыну үшін притондар ұйымдастыруға немесе ұстауға байланысты қылмыстар саны 2,8%-ға көбейіп, 1531 оқиғаны құрады. Бұл санаттағы қылмыстардың ашылуы 85,7% құрады.

Қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікке қарсы қылмыстардың үлесі 6,2%, жеке адамға қарсы қылмыстардың үлесі 5,8% құрады. Жеке адамға қарсы қылмыстар тобында қасақана кісі өлтіру және өлтіруге оқталу (10,6%-ға), денсаулыққа қасақана орташа зиян келтіру (12,8%), сонымен бірге денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру (17,3%) оқиғаларының саны азайған.

2008 жылғы қаңтар-наурыздағы қылмыстылық құрылымы

пайызбен



Мемлекеттік қызмет мүддесіне қарсы жасалған қылмыстар саны 11,6%-ға азайып, 588 оқиғаны құрады.

Көлік қылмыстарының саны 0,1%-ға, әскери қылмыстар саны 16,9%-ға өсті. Осы санаттағы тіркелген қылмыстардың әскери қызметкерлер жасаған қылмыстардың 32,4%-ы – өзара қарым-қатынастың жарғылық ережелерін бұзуға, 31% – билігін пайдаланып қиянат жасау, билікті асыра пайдалану немесе әрекетсіздікке, 22% – бөлімді немесе қызмет орнын өз бетінше тастап кетуге келеді.

Есепті кезеңде тергелген қылмыстар бойынша республикада тұтастай алғанда материалдық залалдың анықталған сомасы 12651,1 млн. теңге болды, оның 78,2%-ы – экономикалық қызмет саласындағы қылмыстарға, 20,1%-ы – меншікке қарсы қылмыстарға келеді.

Республиканың құқық қорғау органдары қылмыс жасаған 18908 адамды анықтады (2007 жылғы қаңтар-наурыздағыдан 3,6%-ға аз), 14332 адамды қылмыстық жауапқа тартты, бұл 2007 жылдғы тиісті кезеңдегі деңгейде. Қылмысы әшкереленген адамдардың 11,5%-ы – әйелдер, 9,6%-ы – кәмелетке толмағандар. Мемлекеттік қызметті атқарушылардың үлесіне 2,9% келеді. Бұрын қылмыс жасаған адамдардың үлес салмағы – 7,9% құрады.


Қазақстан бойынша орташа алғанда әрбір тоғызыншы қылмыскер қылмысты – мас күйінде, әрбір үшіншісі – топ құрамында жасаған. Қылмыс жасап, анықталған адамдардың ең көп бөлігін жұмыссыздар (73,8%) құрайды.

12. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ӨҢІРЛЕРІНІҢ ӨЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ: САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ

Өнеркәсіп. 2008 жылғы қаңтар-сәуірде 2007 жылғы осы кезеңмен салыстырғанда өнеркәсіп өндірісі көлемінің өсуі республиканың 9 өңірінде байқалды. Ең көп өсімге Атырау (17,8%), Павлодар (9,6%), Жамбыл (7,4%) және Батыс Қазақстан (5,0%) облыстары қол жеткізді. Мұның өзінде 6 өңір өнеркәсіп өндірісінің республикалық деңгейінен асып түсті. Өнеркәсіп өнімі өндірісінің төмендеуі Ақмола, Қарағанды, Қостанай, Қызылорда облыстарында және Астана мен Алматы қалаларында байқалды. Оңтүстік Қазақстан облысында өнеркәсіп өндірісінің көлемі 2007 жылғы қаңтар-сәуірдегі деңгейде сақталды.

2008 жылғы қаңтар-сәуірде өнеркәсіп өнімі көлемінің өсуі (төмендеуі)

2007 жылғы қаңтар-сәуірге %-бен



Шикі мұнай өндіру Атырау (21,0%), Жамбыл (13,5%) және Батыс Қазақстан (3,5%-ға) облыстарында өсті. Қызылорда облысында ол 3,3%-ға төмендеді.

Газ конденсатын өндіру Маңғыстау (69,6%), Жамбыл (13,5%) және Батыс Қазақстан (3,4%-ға) облыстарында өсті.

Қостанай облысында темір-кенті шекемтастар өндірісі 8,6%-ға төмендеді.

Мыс кенін өндіру Шығыс Қазақстан 31,4% облысында өсті, ал Қарағанды және Ақтөбе облыстарында оны өндіру, тиісінше 7,4% мен 18,8%-ға төмендеді.

Болат қорыту Қостанай (26,4%), Павлодар (32,9%) және Шығыс Қазақстан (8,2%) облыстарында өсті, ал Қарағанды облысында оның өндірісі 3,2%-ға төмендеді.

Өңделмеген мырыш өндіру Шығыс Қазақстан облысында – 0,3%-ға өсті, ал Қарағанды облысында – 17,6%-ға төмендеді.

Тазартылған мысты қорыту Алматы қаласында (30,5%) және Қарағанды облысында 16,5%-ға төмендеді.

Шығыс Қазақстан облысында жолаушыларға арналған жеңіл автомобильдер шығару 36,4%-ға өсті.

Электр энергиясын өндіру көлемінің ең жоғарғы өсімі Батыс Қазақстан (34,2%), Оңтүстік Қазақстан (23,9%), Ақтөбе (26,9%), Алматы (19,9%) облыстарында және Астана мен Алматы қалаларында тиісінше 11,5% және 34,7% байқалды, елеулі төмендеуі Ақмола (18,0%-ға) облысында тіркелді.

Сары май өндіру көлемінің ең жоғарғы өсімі Батыс Қазақстан (8,8 есе), Қызылорда (2 есе), Солтүстік Қазақстан (23,1%) және Қостанай (14,2%-ға) облыстарында байқалды.

Осы уақытта сары май өндіру көлемінің айтарлықтай кемуі Оңтүстік Қазақстан (80,6%) және Ақмола (56,0%-ға) облыстарында тіркелді.

Тазартылған күнбағыс майын өндірісінің елеулі төмендеуі Қостанай (61,3%), Оңтүстік Қазақстан (57,0%) облыстарында, ең аз төмендеуі Алматы қаласында (4,2%-ға) төмендеді.

Жеміс және көкөніс шырындарының өндірісі Қостанай (17,3%) және Алматы қаласында (8,0%) өсті. Оның өндірісінің едәуір төмендеуі Алматы (60,7%) облысында және Астана қаласында (75,9%-ға) тіркелді.

Ауыл шаруашылығы. 2008 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша өткен жылғы тиісті күнмен салыстырғанда тұтастай алғанда облыстар шаруашылықтарының барлық санаттарында ірі қара мал (3,7%), қой мен ешкі (5,5%), жылқы (5,7%) және түйелер (4,8%-ға) саны өсті.

2008 жылғы қаңтар-сәуірде 2007 жылғы осы кезеңмен салыстырғанда ет өндіру көлемінің өсуі Ақмола облысынан басқа барлық облыстарда байқалды. Ет өндіру көлемінің ең жоғарғы өсіміне Солтүстік Қазақстан (8,3%), Павлодар (7,2%), Ақтөбе (6,6%) және Шығыс Қазақстан (4,8%-ға) облыстары қол жеткізді. Оның өндірісінің төмендеуі Ақмола (0,4%-ға) облысында байқалды. Алматы қаласында ет өндіру көлемі 2007 жылғы қаңтар-сәуірдегі деңгейде сақталды.

2007 жылғы қаңтар-сәуірмен салыстырғанда сүт өндірісінің өсуі Алматы қаласынан басқа республиканың барлық облыстарында байқалды. Сүт өндіру көлемінің аса жоғарғы өсімі Қарағанды (9,9%), Оңтүстік Қазақстан (9,5%), Қызылорда (7,7%) және Ақтөбе (5,9%-ға) облыстарында тіркелді. Маңғыстау облысы мен Астана қаласында сүт өндіру көлемі 2007 жылғы қаңтар-сәуірдегі деңгейде сақталды.

